



## ЕСЕП

*Жоғары оқу орындарының ашықтығы мен есептілігі Қазақстандағы жоғары білім сапасын арттырудың объективті шарты ретінде*

Жастар үкіметтік емес ұйымдарының Желісімен дайындалды

сәуір, 2011 ж.

## **МАЗМҰНЫ**

ЖОБА ТУРАЛЫ КІРІСПЕ

ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ ШОЛУ САНДАРДА

1 ЗЕРТТЕУ. ГРАНТТАР МЕН НЕСИЛЕР БӨЛІНУІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ – ЖОО СТРАТЕГИЯСЫ.

2 ЗЕРТТЕУ. АЛЫНҒАН БІЛІМ САПАСЫН СТУДЕНТТЕР/БІТІРУШІЛЕР ЖӘНЕ  
ЖҰМЫСБЕРУШІЛЕРДІҢ БАҒАЛАУЫ

3 ЗЕРТТЕУ. ОҚУ ҮРДСІН ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

ҚОСЫМШАЛАР

Осы есепті құрайтын пікірлер мен қорытындылар Қазақстан-Сорос Қорының пікірлері мен қорытындыларымен сәйкес келуі міндетті емес.

## КІРІСПЕ:

«ЖОО-ның ашықтығы мен есептілігі жоғары білім сапасын жоғарлатудың объективті шарты ретінде» жобасы жастар саясаты және жоғары білім жүйесінің ашықтығын жоғарлату саласындағы жастар үкіметтік емес ұйымдары қызметінің жалғасы болды, бұл Қазақстан-Сорос Қоры тарапынан белсенді қолдау көрсету арқасына мүмкін болды. Бастама алты аймақтың жастар ұйымдарының желісімен орындалды. Жастар ҰЕҰ арасында «Қазақстанның тәуелсіз ұрпағы» ЖҚБ, Атырау қ., «СҚО белсенді жастары» ҚБ, Петропавл қ., «Аңсар» жастар лигасы» ЖҚБ, Қарағанда қ., «Қазақстанның жастар ақпараттық қызметі» ОҚО ҚҚ, Шымкент қ., «Азаматтық қоғам альянсы» мекемесі, Өскемен және Алматы қ. болды.

Жобаны жүзеге асыру себебі зерттеу барысында растау немесе жоққа шығару қажетті бірқатар алғы шарттар мен болжамдар болып табылады. Осындай алғы шарттардың арасынан біз келесілерін анықтадық. Жастар ұйымдары көзқарасы бойынша ЖОО-дағы басқаруда ашықтық жоқ, ал жоо әкімшіліктері өз жұмыс нәтижелері туралы толық көлемде айта бермейді. ЖОО туралы ақпарат тек қана буклеттерде көрсетіледі және қаржылық және әкімшілік мәліметтерді құрамайды. Бүгінгі күні жоо жұмсақ айтсақ, білімдері мен дағдылары еңбек нарығына сәйкес келмейтін кадрлар дайындайды. Бизнес қауымдастығы негізінен жоғары білім сапасымен қанағаттанбайды. Пән туралы терең білімі болмай отырып, диплом алатын сырттай оқитын студенттердің деңгейі өте жоғары. ЖОО-дағы сыбайластықта ешкімге құпия емес. Біздің пікірімізше, қалыптасқан жағдайдан шығар жалғыз жол басқаруға студенттер, мүдделі тараптар мен бизнес белсене қатынаса алатын, қаржылық қызмет пен маңызды әкімшілік мәселелер туралы ақпарат қоғам қол жеткізетіндей етіп орналастырылатын, ал студенттерді аттестациялау мен үлгі оқу үрдісін электрондық мәліметтер қоры мен студенттердің қатысуы мен үлгерімін есепке алу бойынша ақпараттық жүйе арқылы қадағалауға болатын ЖОО басқарудың озық практикалар енгізу болып табылады.

Тиімділік – кез келген қызметтің маңызды көрсеткіші. Ең кең мағынасында тиімділік ретінде шығындардың алынатын нәтижеге қатынасы ретінде анықталатын, осы қызметтің нәтижелілігін түсіну керек. Қазіргі жағдайларда жоғары оқу орындарында студенттерді кәсіби қызметке дайындаудың тиімділігін жоғарлату мәселесі ерекше маңыздылық пен өзектілікке ие болып отыр. Бұл ең алдымен, қоғамның жаңа маманға қоятын жаңа талаптарымен байланысты. Маманның бәсекеқабілеттілігі, кәсіби шеберлігі мен құзырлығы – бұл олардың өмірлік және еңбек табыстары тәуелді болатын сапалары.

Сапа, қол жетімдік және экономикалық тиімділікті қамтамасыз ету – бұл білім алдында тұрған негізгі мақсаттар. Білім жүйесі бұл елдің басты ресурсы және біздегі мамандардың біліктілігі қаншалықты дәрежеде болса, экономикамыз да соншалықты дәрежеде бәсекеқабілетті және тиімді болады. Бұнда, елдегі білімділік үлкен рөл ойнайды, бірақ Қазақстанда сондай жағдай қалыптасып отыр, ЖОО бітірушілер – жас мамандар өз кәсібі бойынша жұмыс таба алмайды, бұл шынында да үлкен мәселеге айналып отыр, оның салдарынан көптеген жастар сауда саласында, атап айтқанда сауда өкілдері, сатушылар, даяшылар болып жұмыс жасап отыр. Тек 2009 жылдың ішінде Қазақстанда әртүрлі салада 2 00 мың астам маман шығарылған, олардың бір бөлігі жұмыспен қамтылуда үлкен қиыншылықтарға кездесіп отыр.

Жоба ең алдымен Қазақстан аймақтарындағы ЖОО басқару және жоғары білім саласын қаржыландыру туралы ақпараттық компания өткізумен қатар, бірқатар мониторингтік және бағалау зерттеулерін орындауға шоғырланды. Талдамалық бағытты күшейту және жоғары білімнің нәтижелілігін барынша терең зерттеу мақсатында студенттерді, оқытушыларды, ЖОО әкімшіліктерін, жұмыс берушілер ассоциацияларын және жұмыс жасап жатырған бітірушілерге олардың жоғары білім саласындағы ағымдық жағдай туралы көзқарастарын анықтау затына сауалнама жүргізу құралы енгізілді.

Мониторинг жүргізу мемлекеттік бағдарлама бойынша гранттар мен несиелердің беру саласындағы нормативтік базаны зерттеу, қаржыландыруды ұсыну процедураларын зерттеу, бағдарламаның негізгі бенефициарлары – студенттер мен ЖОО-ына сауалнама жүргізуді ұйымдастыруды қамтиды. Мониторингтік құрам сонымен бірге ұраныс хаттар жіберу және ақпараттың ашық қайнар көздерін зерттеу – ЖОО баспасөздері мен интернет сайттарына мониторингті жүргізуді қамтиды.

Жоба мақсаты ЖОО басқару ашықтығы мен гранттар және несиелерді берудің мемлекеттік бағдарламасына мониторинг жүргізу арқылы ЖОО басқару сапасын жоғарлату, сонымен бірге анықталған зерттеу нәтижелерін республика және облыстар деңгейінде ақпараттық жариялануын қамтамасыз ету болып табылады.

Жобаның мақсаттық топтары келесілер: 1) студенттер мен оның аты-аналары; 2) алты аймақтың ЖОО; 3) Білім Министрлігі – жоғары білім департаменті; 4) әлеуметтік мәселелерді, соның ішінде жоғары білім тақырыбын ашатын журналистер.

Сауалнама жүргізу үшін іріктеуге 12 ЖОО<sup>1</sup> студенттері (3 жеке және 9 мемлекеттік, алты аймақтың әрбіреуінен 2 ЖОО), бітірушілер/жас мамандар мен жұмыс берушілер, ЖОО әкімшіліктері мен оқытушылар қамтылды. Барлығы мақсаттық аудиторияның әрбір категориясы үшін арнайы сауалнаманың бес түрі құрылды. Сауалнама өзіне ЖОО бөлу мен жеке ЖОО нақты мәселелерін анықтауды мақсат етіп қоймады. ЖОО-дың 300 студенттеріне (6 ЖОО-дағы 50 студент) жүргізілген сауалнама үш бағыттағы сұрақтарды қамтиды: 1) гранттар

<sup>1</sup> Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік Медицина Академиясы; Тілдер академиясы Шымкент қ.; Атырау мұнай және газ институты; Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік институты; Шиянов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті; А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті; Аманжолов атындағы Шығыс-Қазақстан мемлекеттік университеті; Д.Серікбаев атындағы ШҚ мемлекеттік техникалық университеті; Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті.

мен несиелердің берілу ашықтығын зерттеу, 2) оқу үрдісі мен қаржыландыруды басқарудың ашықтығы мен тиімділігі; және 3) алынған білім сапасын студенттердің бағалауы. Әрбір таңдалған аймақтың студенттерінің өкілдігі 16,7 пайызға сәйкес келеді.

Сұралған ЖОО бітірушілердің саны да Қазақстанның алты аймағындағы әрбір ЖОО-нан 50 адамды құрайды – берілген 16 сұрақтардың барысында зерттеушілермен жинақтаған жұмыспен қамтылу тәжірибесі мен жұмыс практикасы тұрғысынан алынған білім сапасын олардың қалай бағалайтынын анықтау мақсатын алдарына қойды. Жас мамандардан алынған мәліметтерді салыстыру бір жағынан жұмысберушілерге сауалнама жүргізу есебінен қамтамасыз етілген болатын, оларды іріктеу де бұрын қабылданған принциптерге сәйкес келді – алты аймақтан 50 адамнан.

Зерттеу барысында сұралған екі соңғы, бірақ маңыздылығы кем емес топтар ЖОО-ның оқытушылары мен әкімшіліктері. Оқытушылар қатарынан сұралғандардың саны әрбір аймақта 45 адам құрайды, олардың арасынан 20 адамдық топпен кураторлар, 20 адамдық топпен пән оқытушылары, 5 адамнан кәсіби комиссиялар жастар ісі бойынша комитеттердің басшылары таңдалды. Және ЖОО әкімшіліктері, олар вариативті түрде ректорларды, әртүрлі бағыттар бойынша проректорларды, қаржы бөлімдерінің бастықтарын, бас бухгалтерлер мен факультет декандарын – 16 адамнан құралды.

Сөйтіп, әрбір аймақтағы сұралғандардың саны 211 адамға немесе зерттеу барысында барлығы 1,266 адамға сәйкес келеді. Осы зерттеудің айырықша ерекшелігі студенттер мен бітірушілердің, сонымен бірге басқа да мүдделі топтардың дауыстары бірдей мөлшерде ұсынылғанынан тұрады.

Жұмыстың бірінші бөлігі жоғары білім жүйесі мен ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің қарамағындағы республикалық бюджеттен жоғары білімді қаржыландырудың жалпы мәселелеріне арналған. Зерттеудің кейінгі бөліктерінде зерттеудің үш тарауы бойынша алынған сауалнама мәліметтеріне талдау жүргізілген. Қорытындыда негізгі қорытындылар мен кеңестер ұсынылады.

Біз осы зерттеу бюджеттік бағамалардың әкімшіліктерімен қарастыруға қабылданатын болады, жобаның табыстылығы туралы пайымдауға мүмкіндік береді деп сенеміз. Жоба міндеттерін орындау және жоба мақсаттарын жету өзара байланысты, сондықтан міндеттерін табысты орындау мақсаттарға қол жеткізуге әкеледі. Ұзақмерзімдік болашақта жоғары білім жүйесінің ашықтығы туралы қабылданған және енгізілген кеңестер білім жүйесінің тиімділігі туралы тұжырымдауға мүмкіндік береді. Осындай мониторинг пен бағалауды Қазақстанның басқа да аймақтарында жүзеге асыруға болады, сондықтан біз алынған нәтижелерді көрсетілген аймақтардың ғана емес, басқа да облыстардың жастар ҮЕҰ қолданады деп күтеміз.

## ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖҮЙЕСІНЕ ШОЛУ САНДАРДА

Жоғары білім жүйесі Ұлттық, Халықаралық, Мемлекеттік, Азаматтық емес және Жеке жоғары оқу орындарымен ұсынылған. Білім және Ғылым Министрлігінің мәліметтері бойынша Қазақстандағы ЖОО жалпы саны 129 бірлікпен есептелінеді. Меншік түріне байланысты ЖОО үлесі жеке оқу мекемелерінің пайдасына 57% / 43% (жеке меншік емес/жеке) ретінде бөлінеді. Мемлекеттің қарамағындағы ЖОО арасында үлкен үлесті Мемлекеттік ЖОО-ы (32) – жалпы санының 25% алады. Одан кейін, 10% үлесті азаматтық емес (әскери, мамандандырылған) ЖОО-ы (13) алса, 7% үлесті Ұлттық жоғары оқу орындары (9) алады. Ең аз үлес Халықаралық ЖОО-на қалады (1) – 1%.

ЖОО саны меншік түрлеріне байланысты екі топқа бөлінеді: жеке және мемлекеттік, бірақ, мемлекеттік оқу орындары екі топшаға бөлінеді – азаматтық және азаматтық емес. ЖОО саны 125 бірліктен (1996) 182 бірлікке (2001) дейінгі аралықта ауытқиды. ЖОО санының арту кестесінен көрініп отырғандай, жеке ЖОО үлесінің артуы есебінен жүреді, бұл өз кезегінде білім лицензиясын алуға қойылған өте төмен талаптарға және жоғары оқу орындарын ашудың шарттарына байланысты болуы мүмкін.

ЖОО санының біршама артуы билік органдарының назарын аудартпай қоймады, және 2002 ж. бастап 2006 жылдар арасындағы соңғы кезеңде ЖОО саны шамамен 175 бірлікке тең келеді. Бірақ, осы көлем де нақты қажеттіліктерге сәйкес келмейді және студенттерге сапалы білім алуға мүмкіндік бермейді. Осының салдарынан, ЖОО саны 2007 жылы 140 бірлікке дейін қысқартылады. Азаматтық және азаматтық емес ЖОО арасындағы ажырату 2001 ж. бастап жүргізіледі, соңғыларының саны тұрақты және 13-14 бірлікті құрайды.

Келісімдік және бюджеттік негізде оқитын студенттердің қатынасы қарастырылатын кезеңде әртүрлі, және 1995/96 оқу жылындағы 90% бастап 2001/02 оқу жылындағы 20% дейін ауытқиды. Бюджеттік қаражаттар есебінен оқитын студенттер саны үлесінің төмендеуі бірнеше себептер бойынша қысқарған. Біріншіден, 1990-шы жылдарды екінші жартысындағы қиын экономикалық жағдай, екіншіден, білім саясатын қаржыландырудың қалыпты өзгеруі. 2001/02 оқу жылынан бастап экономикалық жағдайдың жақсаруымен бюджеттік қаражаттар есебінен оқитындар мен шығындардың өсуі байқалады. Дегенмен, оқитын студенттердің саны 1995/96 жылдардағы 225 мың студенттер деңгейінен аспайды. 2009/10 оқу жылында бюджеттік қаражаттар есебінен тек қана 119,6 мың студент оқыған, ал келісімдік негізде 202 мыңнан астам студенттер оқыған.

Студенттер санының артуы өзінің ең үлкен тарихи деңгейіне 2004/05 оқу жылында жетеді – 400 мың студент, және 2007/08 оқу жылына дейін студенттердің саны біршама жоғары деңгейде қалады. Соңғы екі жылда, 2008-2010 жж. студенттердің жалпы саны 338 мың студентке (2008/09) және 321,6 мың студентке (2009/10) дейін өмендейді. Студенттердің жалпы санының төмендеу себебі оқудың қымбаттылығы және сонымен қатар, 1990-шы жылдардың басындағы демографиялық құлдырау болып табылады.

Студенттер Қазақстан екі оқу түрінің бірін таңдау мүмкіндігіне ие – күндізгі және сырттай оқу түрі. Күндізгі оқу түрі ЖОО күн сайын оқу мен толық қамтылуды білдіреді. Сырттай оқу түрі ЖОО процедураларға байланысты түрленуі мүмкін – ең кең таралған версиясының бірі әрбір семестрдің аяғында барынша белсенді оқу болып табылады, бұнда сырттай оқитын студенттер жарты жылда бір рет екі-төрт апта бойы ЖОО-на күн сайын келіп оқиды және осындай оқудан кейін емтихандар тапсырады. Төрт немесе бес осындай семестр және табысты тапсырылған емтихандар жоғары білім туралы диплом мүмкіндік береді.

Жоғары білім жүйесіндегі қазіргі қалыптасқан мәселелердің бірі сөзсіз, жоғары білімнің құндылығы, сапасы мен қамтылуы болып отыр. Соңғы онжылдықта ЖОО мен бітірушілердің тарапына жас мамандардың біліктілігі мен білімі еңбек жағдайларына сәйкес келмейді және оларға әлі көп нәрсеге үйрену керек және тіпті, қайта оқуы қажет деген сындар жиі естілетін болып жүр. Осындай жағдайды түсіндірулердің бірі білім деңгейі дипломда көрсетілген біліктілікке сәйкес келмейтін сырттай оқу бітірушілердің санының біршама артуы болуы мүмкін деп ойлаймыз.

1990-шы жылдардың ортасында күндізгі оқу бөлімдері студенттерінің саны 163 мың студентке және сырттай оқитын студенттердің саны 90 мың студентке (студенттердің жалпы саны – 253 мың) сәйкес келген, шамамен осындай қатынасы 2000 -шы жылдардың басына дейін сақталады. Ал, 2001 оқу жылынан бастап студенттер санының 330 мыңға дейін жалпы өсуі байқалады, ал күндізгі және сырттай оқу бөлімдері студенттерінің ара қатынасы 208 мың және 123 мың құрайды. Студенттердің ең үлкен саны 2004/05 оқу жылдарынан 2007/08 оқу жылдары аралығында (390 –400 мың студент) байқалады, ал төмендеуін екі соңғы жылда байқауға болады – 2008/09 – 2009/2010 оқу жылдары.

1995/96 оқу жылдарынан бастап 2001/02 оқу жылдары арасындағы кезеңде сырттай оқу бөлімінің студенттер саны 32% бастап 38% дейін ауытқиды, яғни сол кезеңдегі әрбір үшінші студент сырттай оқу бағдарламасы бойынша оқыған. Бұдан кейін, сырттай оқу бөліміндегі студенттердің үлесі кезеңде (2002/2003 – 2005/2006 оқу жылдары) 40% бастап 46% дейін тек қана жоғарлап отырған, бірақ, 2006/07 оқу жылынан бастап сырттай және күндізгі оқу бөлімі студенттерінің үлестері бастапқы кезең деңгейіне қайта оралған – үштен бір қатынасқа.

Берілген гранттар мен несиелерді саны 6 кестеде көрсетілгендей, гранттардың көп бөліну пайдасына қарай жыл сайын өзгеріп отырған. 1999 бастап 2004 жж. дейін біз мемлекеттік бюджет несиелері есебінен кейде, тіпті мемлекеттік бюджет есебінен қытын барлық студенттерді жартысынан бастап үштен бір бөл ігіне дейін оқығанын байқай аламыз. Сонымен бірге, барлық кезең бойы (1999-2009 жж.) сырттай оқуға гранттар бөлінген – бастапқыда 2000 бірліктен бастап 2003 жылы 2275 бірлікке дейін. 2004 жылдан бастап сырттай оқу түріне бөлінген гранттардың саны 1000 бірлік құрайды. Сонымен бірге, күндізгі оқу түріне бөлінген гранттар он жыл ішінде 9,18 мыңнан 33,84 мыңға дейін біршама өскен – өсуі 369% құрайды, ал берілген гранттар үлесі 98% астам құраған.

Мың теңгемен бірлікпен есептелінетін, бір студентті дайындауға жұмсалатын орташа шығындар соңғы он жыл ішінде мөлшерлес және біршама өсіп келеді. Кезеңнің басында бір студентке жұмсалатын шығындар барлығы 56,4 мың теңге құрады. Ең үлкен арту 2005 жылы болды, онда шығындар 102 мың теңгеден (2004) 126 мың теңгеге немесе 24% өскен. 2007 және 2008 жж. бір студентке жұмсалатын орташа шығындар 185 және 188 мың теңге құрады, және бір жылдан кейін 2009 жылы 256 мың теңгеге дейін немесе 36% өсті. Шығындардың осындай артуы, мемлекеттік органдардың сапалы жоғары білім арзан бола алмайтынын, сонымен бірге олардың қаржылық жағдайын қамтамасыз ету үшін ЖОО-ына біршамақолдау көрсету қажет екенін, ал осындай қаржыландыру студенттік гранттарды төлеу арқылы қаржыландырудың жақсы қайнар көзі болып табылатынын түсінуінің жоғарлауына байланысты болуы ықтимал.

#### 1 ЗЕРТТЕУ. ГРАНТТАР МЕН НЕСИЛЕР БӨЛІНУІНІҢ АШЫҚТЫҒЫ – ЖОО СТРАТЕГИЯСЫ.

«Сіздің оқуыңыз қалай қаржыланады?» деген бірінші зерттеу ұрағы сауалнама қатысушыларының қаржыландыру қайнар көзін анықтауға бағытталған. Сонымен, Конституция бойынша жәары білімді қаржыландырудың қайнар көзі мемлекеттік бюджет болуы мүмкін, егер студент білімнің бәсекелік деңгейін көрсетсе, ол білім грантын ала алады, ал 2005 жылға дейін ҰБТ бойынша ұпайдың салыстырмалы төмен деңгейі жағдайында білім несиесін алу мүмкіндігі болды. Білім грантыөзінің мәні бойынша мемлекеттік бюджетке қайтарылмайды және қайтарымсыз сипатта болады, бірақ студентке бірқатар процедураларды орындау және академиялық үлгерімнің белгілі бір талаптарына сәйкес келуі, оқу режимін сақтауы және мүмкін, жоғары оқу орынның қоғамдық-әлеуметтік өміріне қатынасуы қажет. Өз кезегінде білім несиесі қайтарымды негізде бекітіледі және белгілі бір мерзімнен кейін келісімде көрсетілген несиелер бойынша пайызбен ЖОО аяқтағаннан кейін қайтарылады. Несиелер келісімінің қалыпты ұзақтылық мерзімі 3 жылдан 15 жылға дейінгі кезең болып табылады. Жауаптарға сәйкес грантты 37 пайызы қолданған, ал несиелерді сұралған студенттердің барлығы 11 пайызы қолданған.

Біршама үлкен бөлігі, сұралған студенттердің әрбір екіншісі жаңаның көмегін және өз қаражаттарын (респонденттердің 49 пайызы) қолданған, яғни студенттердің бұл категориясы қандай да бір себептермен гранттар мен несиелерді ала алмай. Студенттердің аз ғана бөлігі, барлығы 3 пайызы коммерциялық құрылымдар есебінен қиды. Осындай практика негізінен студенттердің оқуын әрі қарай білімді қаржыландыратын кәсіпорындарда және осындай білім жобаларында жұмыс жасауына барынша бағдарланған етуі ықтимал. Өкінішке орай, осындай әлеуметтік жауапты кәсіпорындар мен олардың жоғары білімді басқару үрдісіне тартылуы білім жүйесі мен студенттерді ынталандыру және оларды әрі қарайғы жұмыспен қамтуға оңды әсер ететін болғанымен, қазіргі сәтте олардың саны өте көп емес.

«Сіз ЖОО түсуде келісім бекітіңіз бе?» деген сұрақ сауалнаманың барлық қатысушыларына қатысты, себебі білімқызметтерін алу келісімі студенттер және сонымен бірге білім мекемелері үшін құқықтық шеңберлерді бекітеді. Яғни, өз мағынасында студенттердің әрбіреуі осы сұраққа оңды жауап беруі қажет еді, себебі оқу ақысы, сынақ кітапшасын алу және кейіннен диплом алу келісімдік қатынастарға негізделуі қажет. Бірақ, осы сұраққа сұралғандардың 92 пайызы оңды жауап берсе, ал студенттердің қалған бөлігі – 8 пайызы оларда білім қызметтерін ұсынуға келісімдері жоқ екендігін мәлімдеген. Бұл студенттердің негізгі бөлігі білім грантын алған топтарға жатуы мүмкін деп болжауға болады, себебі кез келген басқа жағдайда студент пен оның ата-аналары құқықтық өзарақатынастарды бекіту мәселесіне барынша ұқыпты (Қосымшадағы білім қызметтерін қайтарымсыз көрсету келісімінің мысалын қараңыз) қарайды.

Білім гранты немесе несиелеріне келісімдер бекітудің қиыншылықтарға студенттердің 17 пайызында ғана туындаған; олардың 9 пайызы көптеген құжаттарды жинау қажетті гін көрсеткен, 5 пайызы әкімшіліктің, келісімдерді бекіту үшін жауапты тұлғалардың әбігерге салуына ұшыраған; және 3 пайызы ЖОО әкімшіліктеріен байланыстарының жоқтығын мәлімдеген. Келісім бекітудің күрделілігіне әсер ететін мүмкін факторлар гранттар мен несиелерді алуға қуатты үміткерлердің қол жеткізетіндей, қажетті құжаттар туралы ақпаратты өз уақытында алудың үйлестірілген жүйесінің болмауы болып табылады – осындай ақпарат құзырлы орган – Білім және Ғылым Министрлігінің сайтында болуы және орта мектепте емтихандар тапсыру кезінде жалпы білім беретін мекемелердің қабырғаларында орналастырылуы мүмкін еді.

Осымен бірге респонденттерді үштен екісі келісімдерді бекітуде қандай да бір қиыншылықтармен ұшыраспаған, ал 17 пайызы осы сұраққа жауап беруге қиналған.

Білім келісімінің ережелері туралы хабардарлығына толық немесе белгілі бір дәрежеде сауалнама жүргізілген студенттердің 78 пайызы көрсеткен, барлық студенттердің жартысы келісім ережелері туралы (№4 сұрақ). жақсы хабардар. Білім келісімінің ережелері туралы барлығы респонденттердің барлығы 4 пайызы ғана біледі, сұралғандардың 6 пайызы келісім туралы ақпаратты өзіне маңызды емес деп есептейді және 12 пайызы жауап беруге қиналған. Осылай, студенттердің 22 пайызы олармен және жоғары білім беру мекемелері арасында бекітілген ережелерді білмеуі туралы білімдеген. Сәйкесінше болашақта білікті маман болуы мүмкін студенттердің өздерінің жеткілікті жоғары құқықтық негизімі туралы қорытынды жасауға болады. Осындай ақпаратты білу студенттердегі жауапкершілікті тәрбиелеп қана қоймай, сонымен бірге олардың кәсіби шеберлігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Практикада, олар жұмыс жасаған кезде бүгінгі студенттер, ертенгі кәсіпорындар мен компаниялардың қызметкерлеріне сан мәрте рет келісім бекітуге (еңбек, қызметтер көрсету және т.б.) тура келеді және олардың келісімге деген осындай немқұрайлы қатынасы кем деген түсінбеушілік пен олардың кәсіби шеберлігіне күмән туғызуы мүмкін.

Алдыңғы сұрақта білім келісімдерінің ережелері туралы хабардарлығына оңды жауап берген, сұралған студенттердің сол 48 пайызы осы келісімдерді шарттарымен қанағаттанады. Сәл аз ғана пайызы – 24, бекітілген екі жақты келісімдердің көп тармақтарымен келіседі. Дегенмен, келісімдердегі кейбір ережелерді ауыстырғысы келетін студенттерді пайызы аз болмады – 16 пайыз. Тағы да 4 пайызы оларды келісім толықтай қанағаттандырмайтынын көрсеткен, және әдеттегідей респонденттердің 8 пайызы осы сұраққа жауап беруге қиналған.

Сұралған студенттердің көрсеткеніндей, білім келісімдерінің ең мәселелі тармақтары оқу құны (36 пайыз), несие бойынша пайыздық ставка (7 пайыз), келісімнің кейбір шарттарын өзгерту мүмкіндігі (16 пайыз) болып табылады. Респонденттердің біршама бөлігі – 34 пайызы жауап беруге қиналған, ал бұл студенттердің келісім ережелері туралы хабардарлығы мен студенттерге жүктелетін міндеттер мен құқықтарды түсінудің төмен деңгейін куәландырады. Сұралған студенттерді 7 пайызы өз варианттарын ұсынған.

Студенттердің барлығы 43 пайызы оқу ақысының құны тұрғысында оқу ақысын төлеу жүйесіне риза еместігін атап өрсету қажет. Жанама түрде сұралған студенттердің ЖОО -ындағы оқу біршама қымбат деп есептейтінін болжауға болады, сонымен бірге білім сапасы оқу ақысына сәйкес келмеуі мүмкін.

Тараудың соңғы сұрағы студенттердің табыстары мемлекеттік бюджет қаражаты түсімдерінің есебінен қалыптасатын өз ЖОО-ның шығындары туралы білімдерін анықтауға бағытталды. Бұл сұрақтан хабардарлығы студенттердің үштен бірі – 28 пайызы өрсетті. Бұдан басқа, осындай ақпараттандыру практикасы олардың ЖОО-ның саясаты болып табылатыны байқалды. Студенттерді осындай пайызы бюджеттен алынған қаражаттардың шығындалу затына білімдерінің жоқтығы туралы мәлімдеген. Осы сұраққа қызығушылығы жоқ екенін студенттердің әрбір төртіншісі мәлімдеген, олардың барлығы 25 пайыз. 14 пайызы сұраққа жауап беруге қиналға және сәйкесінше 4 пайызы өз жауаптарын берген. Осы сұрақтың нәтижелерін қорытындылай отырып, студенттердің тек үштен бірі ғана олардың оқуын төлеу есебінен түскен қаражаттардың қалай шығындалатынын біледі, ал студенттердің қалған үштен екісіне бұл мәлім емес немесе маңызды емес деген тұжырым жасауға болады.

## 2 ЗЕРТТЕУ. АЛЫНҒАН БІЛІМ САПАСЫН СТУДЕНТТЕР/БІТІРУШІЛЕР ЖӘНЕ ЖҰМЫСБЕРУШІЛЕРДІҢ БАҒАЛАУЫ

Осы сауалнама оқу үрдісі, олардың ЖОО-ына түсу ынтасы, мамандықты таңдау себебі, олармен алынған білімдерінің қаншалықты пайдалылығы және басқа да көптеген сұрақтар туралы Қазақстанның 6 аймақтарының (Алматы, Қарағанда, Атырау, Көкшетау, Өскемен және Шымкент ққ.) студенттерінің пікірлерін білуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, олардың жоғары білім сапасы мен шығарылған мамандардың дағдыларына бағалауларын алу мақсатында Қазақстанның 6 аймақтарының арасында жұмысберушілерге сауалнама жүргізілді.

Сұралған студенттердің 71% пайызы алынған білімдер мамандығы бойынша жұмыс жасауда пайдалы болады деп есептейді, ал 20% алынған кейбір білімдер мамандығы бойынша жұмыс жасауда пайдалы болады деп есептесе, 7% алынған білімдердің пайдалылығына сенімдері жоқ. Дипломның бар болуы туралы сұрақ сұралғандардың барлығы 30% ғана олардың дипломы материалдық игілікті қамтамасыз ете алады деп сенеді және 34% дипломның бар болумен карьерасының өсетініне сенімді.

Ал, өмірде көптеген бітірушілер алған білімдерін қолдана алмайтынын көрсетеді, себебі олар ескірген немесе басшы басқа білімдерді талап етеді. Көптеген бітірушілер техникамен жұмыс жасай алмайды, қарапайым факті де жібере алмайды мамандығының негіздерін білмейді. Әрине, университетте алынған білімдер шынында да өте маңызды, бірақ қазіргі кезеңде қайта бағдарлануды жүзеге асыру қажет, және бұрынғы түрде оқытуды жалғастырмай, жұмысберушінің талаптарын ескере отырып, әлемдегі және экономикадағы жаңа өзгерістерге байланысты оқыту керек.

№2 кестеден студенттер мен жұмысберушілердің жауаптары арасында паралель жүргізе отырып, жұмысберушілердің 30% пайызы үшін қызметке рде дипломның бар болуы үлкен рөл ойнайтынын, студенттердің 30% дипломның материалдық игілікті қамтамасыз ете алатындығы туралы ойлайтынын, 34% дипломның бар болуы жағдайында карьералық өсудің үлкен мүмкіндігіне сенімді екендігін жақсы байқауға болады. Бұдан, жастар өздерінің өмірі мен жақсы жұмысы үшін оларға білімнің қажет екендігіне сенімді екенін және дипломның бар болуы өмір үшін қажетті игіліктер тізімінде соңғы орында тұрмағаны туралы қорытынды жасауға болады.

№ 3 кестеден көрініп тұрғандай, жұмысберушілердің 80% дипломның бар болуын қоштайды және тек қана 20% диплом маңызды емес деп есептейді.

Оқыған және дипломы бар жастар жоғары білімі жоқ жастармен салыстырғанда еңбек нарығында біршама деңгейде қажетті болып табылады. Дипломы жоқ адамға жұмысқа тұру біршама қиынырақ, ал сәйкесінше осындай адамдардың еңбекақысы да біршама төмен.

Мамандық таңдау өте маңызды және жауапты мәселе, себебі бұдан оның болашақ өмірі, жас адамның өзі үшін таңдаған жолы тәуелді болады. Қазіргі сәтте өте өзекті болып отырғанымен де, Қазақстанда кәсіби бағдарлау жоқтың қасы.

Сауалнама жас адамдардың көпшілігі, яғни 54% өз мамандығына қызығатынын, 25% - жұмысқа орналасу үшін үлкен мүмкіндігінің бар екендігін, ал 12% - қандай да бір салада мамандардың жетіспеушілігі туралы ойлайтындықтарын көрсетті. Төмендегідей ерекше жауаптар да бар:

\* - *болашақтағы үлкен мүмкіндіктер*;- мемлекеттік грант алумен байланысты; - Тиімді вариант; - ҚР жаңа мамандық; - «Басқа» мамандыққа ұпайым жетпеді, ( №4 кесте).

Жоғары білім жүйесі – бұл елдің даму қуаты мен қазақстандық кадрлар қалыптасатын негіз. Бұл жүйенің қаншалықты тиімді жұмыс жасайтындығынан қазақстандық экономика да соншалықты табысты болады.

ЖОО білім сапасы болашақ ел үшін өте маңызды болып табылады. Студенттер өз білімін әлемдік стандарттарға сәйкес бағалайды. Сұралғандардың 36% ЖОО білім өте жақсы, бірақ әлемдік стандарттарға сәйкес келмейді деп есептейді, 19% олардың ЖОО-ында берілетін білім жақсы, бірақ жақсартуды талап етеді деп есептейді. Бірақ, жұмысберушілердің арасында сауалнама жүргізуде - 37% мамандардың практикалық дайындығының төмен деңгейін атап көрсеткен. Сұралған кәсіпорын басшыларының 62% жұмысқа қабылдауда тәжірибелі мамандарды қалайтындықтарын атап айтқан. Және тек қана 4% - шығарылатын кадрлардың сапасымен қанағаттанады. (№5 кесте)

Бұдан, жас мамандарға көбірек практикалық дайындалу қажет деген тұжырым жасауға болады. Қазіргі сәтте көптеген ЖОО мамандарды дайындауда жұмысберушілердің осы талаптарына жауап бермейді.

«Сіз оқитын мамандықты кім таңдады?» деген сұрақ (№6 кесте) жас адамдардың өз бетімен шешім қабылдауға қаншалықты қабілетті екендігін анықтауға бағытталған. Сауалнама көпшілігі, атап айтқанда 84% өз бетімен таңдағанын; 14% - мамандығын ата-анасы немесе туыстары; 2% - мамандықты ата-анасы немесе туыстарымен бірге таңдағандарын көрсетті.

Сұралғандардың 57% бірнеше жыл оқығаннан кейін мамандығы туралы пікірлері тек оңды жаққа өзгергенін, ал 37% - пікірі сол күйінде қалғанын, және 5% -ында теріс жаққа өзгергенін және 1% мүлдем риза еместігін тұжырымдайды.

Өзгерістер негізінен қуға түсуде алға қойған сенімдері ақталғанына, таңдалған мамандық ұнайтындығына, жаңа мүмкіндіктер, жаңа қызығушылықтар, таныстықтар ашылғандығына, өз мамандығы



бойынша жаңа білімдер алынғандығына, жақсы оқытушылар сабақ беретініне, мамандықтың Қазақстанда қажеттілігіне байланысты. Мамандығына деген қарым-қатынасы теріс жаққа өзгерген, себебі керекті емес үлгілерді алға қояды: оқыту сапасының нашарлығы, сыбайластық, қиын мамандық, оқу қиын, оқу ақысы қымбат, мамандығы бойынша оқытушылар жоқ, білім алу үшін қажетті базаның болмауы және бітіргеннен кейін кәсіби дағдыларының болмауы.

Мамандығы бойынша жұмыс жасауға кедергі келтіретін себептер (№7 кесте) негізінен, аңбекақының төмен деңгейі – 28%, жұмыс тәжірибесінің болмауы – 28%, Жоғары оқу орнында алған білім сапасы туралы сенімсіздігі – 10% болып табылады.

Жалпы талдауды ескере отырып, студенттер ЖОО-ында аан өз білімдерінің сапасымен қанағаттанатындығы туралы қорытынды жасауға болады. Олар үшін білімі мен дипломының бар болуы да өте маңызды. Сауалнама жүргізуде оқу үрдісі және алынған білімдері туралы оңды пікір білдіру фактісі таң қалдырады. Ал, қағазсыз және жазбасыз жекеше сұралғанда, жастардың көпшілігі елдегі білім сапасына риза еместігін, сыбайластықтың өсіп отырғандығын, оқытушылардың біліксіздігі, кітапхана қорларының, әсіресе қазақ тіліндегі кітапхана қорларының нашарлығын, және т.б. көптеген мәселелер туралы айтады. Сауалнамаға берілген жауаптар студенттермен алдын ала келісілген деген сезім қалдырады.

### Бітірушілер сауалнамасы:

Сауалнама тікелей ЖОО бітірушілер арасында жүргізілді. Жауап берген жастардың көпшілігі – бұл жұмысты жаңа бастаған мамандар (35,4%), орта буынды менеджерлер (20,9%), сараптамашы мамандар (13,6%), стажерлер-практиканттар (10,6%), белгісіз себептермен жауап бермегендер (0,6%).

Қазіргі сәтте оқу үрдісі өзінің мәні бойынша ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс жасауға бағдарланған, бірақ олар еңбек нарығының қажеттіліктеріне жауап бере ала ма?

Қазіргі оқу бағдарламаларын жасақтаушылар үшін қазіргі маманға нені білуі талап етілетінін барынша терең түсінуі қажет, себебі қазіргі бағдарлама жағдайында жұмысқа тұрмаған бітірушілер үшін еңбек нарығының бір немесе бірнеше секторы жабық болуы мүмкін. Әлі күнге дейін осындай қатаң мамандандыру жоқ, бірақ жұмыс берушілер көбіне бітірушілердің мамандығы бойынша білімдерінің жалпы көлемін емес, тек мамандығы ғана емес, сонымен бірге жұмыс орнына тәуелді болатын арнайы дағдылар мен біліктіліктермен үйлесетін нақты дағдылар мен біліктіліктердің бар болуын талап етеді.

*№ 1 кесте – Сұраққа жауап берген жастардың мамандықтарының тізімі*

	Жынысы		Барлығы, адам	
	Ер	Әйел	Саны	Пайыздарда
Топ менеджер, басшы	9	9	18	6,0
Орта буынды менеджер	24	39	63	20,9
Сарапшы маман	27	14	41	13,6
Жас маман	46	61	107	35,4
Жұмысшы	7	7	14	4,6
Көмекші	15	10	25	8,3
Стажер-практикант	16	16	32	10,6
Жауап бермегендер	1	1	2	0,6
Барлығы	<b>145</b>	<b>157</b>	<b>302</b>	<b>100%</b>

*№ 8 кесте – Сіз кім болып жұмыс жасайсыз?*

Жұмысқа орналасу оқу бітіргеннен кейін ең қиын мәселе, бірақ біздің респонденттер жас мамандардың 35,4% жұмысқа бірден орналастынын, ал қалған көп бөлігін 2-3 ай ішінде орналасатынын туралы жауап берге, ал бұдан әрі бұл цифр әртүрлі бөлінеді, (№9 кесте). 2008 ж. оқу бітірген кейбір жас мамандар әлі күнге дейін жұмыс таба алмағандарын көрсеткен.

Жұмысқа орналасқандардың арасында негізінен 35% - жас мамандар, 21% - орта буынды менеджерлер, 11% - стажер-практиканттар, және қалған бөлігі тек аз ғана пайызды құрайды: 8% - көмекшілер, 6% - топ менеджерлер немесе басшылар және 5% - жұмысшылар. Жұмысқа орналасу уақыты туралы сұралғанда, 36% - бірден орналасқандығын, 31% - 2-3 айдан кейін, 17,4% - 6 ай ішінде, 10% - жұмыс іздегеннен кейін бір жылдан кейін, және 5,6% әлі де жұмыс іздеп жүргендігін айтқан.

302 сұралған жұмысқа орналасқан ЖОО-ын бітірушілердің ішінен 180 адам өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Егер цифрді жалпықарастырсақ, онда пайыз (59%) шындығында да жаман емес. Бірақ, егер қалалар кесіндісі бойынша қарастырсақ, әрбір қалада шамамен 9,8 % өз мамандығы бойынша жұмысқа орналастындығы алынады. Егер өз мамандығы бойынша нәліктен жұмысқа орналаса алмайтындығы факторын қарастырсақ, онда бос қызмет орнының, жұмыс тәжірибесінің жоқтығы сияқты сұрақтар туындайды, және тағы олар өз еңбегіне лайықты еңбекақы ала алама сұрақта бар, 19% осы себептермен олардың 4-5 жыл бойы оқыған өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаса алмайтындықтары туралы жауап берген. Сонымен бірге, біздің сауалнамада медициналық университет бітірген, бірақ сауда өкілдері болып жұмыс жасайтын жас мамандар да қатысты, себебі олардың қазіргі еңбекақылары мамандығы бойынша жұмыс жасағанда алатын еңбекақыларынан біршама жоғары. Ал, ЖОО-ында оқу олардың 7 жылын алды.

Сауалнама өрсетіп отырғандай, өптеген бітірушілер – 43% хабарламалар жібере отырып, коммерциялық компанияларға телефон соғу арқылы өзіне жұмысты өз бетімен іздейді, ЖОО жолдамасы арқылы тек -9%, бітірушілердің арасында 42% таныстарының көмегімен жұмыс табады.

Қазақстанда еңбек биржасы дамымаған, олар тек номинальды қызмет атқарады. Жұмыспен қамту және орналастыру бөлімінің жұмысы өте көп, жастар оған бармайды, кейбір қалаларда әрине олар жұмыс жасайды, дегенмен де, жұмыспен қамту пайызы онша жоғары емес. Егер АҚШ ұйымдарымен салыстыру жүргізсек, онда университеттер мен колледжерде оқи отырып, жастар волонтерлер түрінде әртүрлі компанияларда практикадан өтеді, өйт іп өзіне болашақта ұпайлар жинақтайды. АҚШ-тағы азаматтық оқу мектептің өзінде оқушы бола отырып, олар әлеуметтік жобалар орындайтын, тапсырыстар жазуға үйренетіндей етіп құрылған. Және жоғары білім орнын бітіргеннен кейін олар үйіндеменің қалай жазылатынын және өз бетімен қалай жұмыс табуға болатынын жақсы біледі.

Бизнес секторын дамыту жұмыспен қамту мәселелерін шешудің басты шешімдерінің бірі болып табылады. Өз бизнесін ашқан жастар өзін жұмыспен қамтып қана қоймай, сонымен бірге көбіне қосымша жұмыс орындарын құрады. Сонымен бірге, осы қызмет саласы белгілі бір мінез сипатын және іскерлік алғырлықты қажет ететін, сондықтан кез келген адам табысты кәсіпкер бола алмайтынын ескеру керек. Бітірушілер арасындағы статистика көрсетіп отырғандай, 65% - өз бизнестерін ашқысы келетіндіктері туралы жауап берген. Бірақ, практикада бизнес тренингтер оқи отырып, оқыған 200 адамның ішінен тек қана 10 адам өз ісін ашқан.

Қазақстанда ақылы негізде шамамен 80% жуық студент оқиды. Мемлекеттік ЖОО-ындағы студенттердің 67,2% ақылы негізде оқитындығы назар аудартады. Мемлекеттік тапсырыстың үлесі ақылы негізде ұсынылатын қызметтердің үлесімен салыстырғанда өте аз, бұл халықтың әлеуметтік және қаржылай әлсіз таптарының білімге қол жеткізуін біршама шектейді. Жоғары білімнің барлығы ақылы және ақылы білім ЖОО-ды маңызды қолдау болып табылады деген кейбір мемлекеттік басшыларының шетелдік тәжірибеге сүйенуі, жалпы дұрыс емес, мысалы, АҚШ-тағы университеттер бюджетіндегі оқу үшін төлемақының үлесі орташа алғанда 20-25% жуығын ғана құрайды. ҚШ-та университеттер бюджетімі жасақтамалар, зерттеулер, патенттер, қайырымдылықтар есебінен қалыптасады, ал мемлекеттік ЖОО-да мемлекеттік бюджеттен бөлінетін дотациялар қосылады. Қазақстанда жеке және сонымен бірге, әсіресе мемлекеттік ЖОО-ның оқудың ақылы түріне тікелей тәуелділігі көрініп тұр.

## Жұмысберушілер сауалнамасы

Қазақстанның 6 аймағынан шыққан жұмысберушілер сауалнамасы. Барлығы 300 адам (150 – әйел мен 150 еркек) құралды, олар жеке фирмалар, мемлекеттік мекемелер, зауыттар және т.б. мүдделерін білдіреді. Сауалнама қазіргі уақытта қандай мамандықтар қажетті, және ЖОО бітіргеннен кейін жас мамандарды неге жұмысқа алмайды, бітірушілердің білімі жұмысберушілердің талаптарына қаншалықты сәйкес келетінін анықтау есебімен жүргізілді.

Бізбен 61% кіші кәсіпорындар, негізінен бұлар ЖК, 21% орта кәсіпорындар – барлығына жуығы ЖК және кейбір ЖШС, және 18% - бұл ЖШС және кейбір АҚ өкілдері. Сұралғандар негізінен директорлар, директорлардың орынбасарлары немесе бухгалтерлер болды. Сұралған директорлар, басшылардың жастары - 20 жастан бастап 61 жасқа дейін. Орташа жас – 35 жас.

Ұйымдардағы жас мамандардың саны 1-ден бастап 1000 адамға дейінгі аралықты құрады. Орташа алғанда (арифметикалық орташа) – 1 кәсіпорынға шаққанда 9 маман.

Кәсіпорындарда жұмысқа әртүрлі қабылдайды, БАҚ-да және интернет арқылы хабарлама беру, – 27%, таныстары арқылы – 27%, бір тараптың кеңес беруімен – 7%, ЖОО жолдамасы бойынша тек қана – 15% және жұмыспен қамту бөлімімен ынтымақтастық арқылы – 15%.

Барлық компанияларда жұмысқа орналасқанда стажировкадан өтеді – 85%. Одан ЖОО оқу кезінде өткен тиімдірек емес пе. Оқу бітіргеннен кейін стажировкадан өту ұзақ уақыт алады, ең азы 1 аптадан бастап және одан жоғары, № 17 сурет. Жұмыс тәжірибесіне байланысты стажировкадан өту уақыты өседі, жұмысберушіге

олардың тегін стажировкадан өткені пайдалы, ал стажировка мерзімі аяқталғаннан кейін адам ұнаса алады, ал ұнамаса, осындай шарттарда келесі адамды қабылдайды.

Сұралған жұмысберушілердің ішінен 85% жұмысқа қабылдауда қызметкерлермен еңбек шартын бекітеді, бірақ 15 % - бұны жасамайды. Сауалнама жүргізгенде, біз көптеген кіші компаниялардың еңбек шартын бекітпейтінін көрдік. Бұл Қазақстан Республикасының еңбек заңдылығын тікелей бұзу болып табылады.

№2 кесте – Жұмысқа қабылдауда Сіз неге назар аударасыз?

Жұмысқа қабылдауда Сіз назар аударасыз:	Кәсіпорындар типі			Барлығы	
	Кіші	Орташа	Ірі	Дауыстар саны	Үлестік салмағы, пайызбен
Білімі, Ж/Б туралы дипломның бары/жоқ болуы	64	36	121	221	24,5
Компьютерді білуі	77	23	27	127	14,0
Шет тілін білуі	36	7	18	61	6,7
Жұмыс тәжірибесі	103	34	29	166	18,5
Жасы	60	12	10	82	9,0
Бұрынғы жұмыс орнынан алынған кеңестер	35	11	10	56	6,2
"Өз адамдарының" кеңестері	27	6	3	36	4,0
Қарым-қатынас құра білуі	57	16	20	93	10,3
Жыныстық белгісі	5	1	2	8	0,9
Харизматикалығы	24	9	8	41	4,5
Басқа	6	3	4	13	1,4
<b>Барлығы</b>				<b>904</b>	<b>100</b>

Таблица № 2 кесте кәсіпорындар типтері, ұралғандардың саны бойынша сандық және пайыздық қатынаста ажыратылған.

Жұмысберушілердің көпшілігі жұмыс тәжірибесіне - 18,5%, біліміне - 24,5%, қарым-қатынас құра білуіне, компьютерді білуіне -14%, жеке қасиеттеріне -10,3%, жасына -9% назар аударады.

Сіз бос қызмет орнына жас бітірушіні (30%) немесе тәжірибелі қызметкерді (62%) жұмысқа қабылдайсыз ба деген сұраққа, көпшілігі жұмыс тәжірибесі бар қызметкерді қалайтындықтары турады жауап қайтарған. Жас мамандар мен тәжірибелі мамандардың еңбегін бағалау пайыздық қатынаста дәл осындай қатынастар берілген. Жас мамандарды 5 қпаймен 21%, және тәжірибелі мамандарды осындай ұпаймен 61% бағалаған.

Жұмысберушілер мен бітірушілердің пікірлері сәйкес келеді. Жұмысберушілер жұмыс тәжірибесі жоқ маманды жұмысқа ала алмайтынын және бітірушілердің алған білімдері практикада қажет еместігін түсіндіреді. Бірақ, кейбіреулері жастарды қабылдауға және оларды оқытуға дайын екендіктерін, бірақ оларға аз еңбекақы ұсынатындықтарын көрсеткен.

**Бітірушілерге мамандығы бойыша жұмыс жасауға не кедергі келтіреді? %**

Еңбекақының төмен деңгейі.....	17
Жұмыс тәжірибесінің болмауы.....	28
Алынған білімдердің практикада қажетсіздігі.....	15
Сапасының жұм-шінің талабына сәйкессіздігі.....	13
Таңдаған мамандығына қанағаттанбауы.....	4
Жастар «оңай» ақша іздейді.....	11
Басқалары.....	12

Осы сұрақ сонымен бірге студенттерге де қойылды және жауаптар сәйкес келді. Бітірушілер де, жұмысшылар да жұмыс тәжірибесі мен өтілінің болмауы, еңбекақының төмен деңгейі, университеттерде алынған білімдердің практикада қажетсіздігі, осының барлығы университет қабырғаларынан жаңа шыққан жас мамандардың жұмысқа орналасуында кедергі болып отыр деп өз пікірлерін білдірген.

**Сауалнама жүргізуде жұмысберушілермен көрсетілген қосымша ақпарат.** Жас маман білімдер мен біліктіліктердің жақсы қорымен келгенін қалайтындықтарын, Қазақстанда қажетті мамандықтардың болжау және зерттеу жүргізілмейтінін, ЖОО-да олардың оқытуда студенттерге қатал болуды көрсеткен.

### 3 ЗЕРТТЕУ. ОҚУ ҮРДІСІН ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

#### Оқу үрдісін және қаржыларды басқарудың ашықтығы мен тиімділігі

Сауалнама барысында алынған мәліметтер елдің ЖОО -дағы басқару жүйесінің демократиялық деңгейін белгісі бір сенімділік үлесімен бағалауға, жоғары мектепті басқаруда – білім үрдісінің өзінің бөлігінде, сонымен бірге қазіргі жоғары оқу орындарындағы қаржыларды басқару мәселелерінде қазіргі студенттік қоғамның қандай орын алатыны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің маңызды міндеттерінің арасында студенттердің жауапты қызмет алушылар ретіндегі өздерінің рөлін ойнау білуге дайындығы, яғни ЖОО бюджеттік және басқа да қаражаттардың шығындалуын бақылауға заңды сауатты және саналы түрде қатыса алу деңгейін анықтауды атап көрсету қажет.

Алынған нәтижелердің ауытқулығы іріктеудің арнайы сипатымен анықталады – сауалнамаға 300 студенттер, 270 оқытушылар және елдің негізгі аймақтары – Қазақстанның солтүстігі, оңтүстігі, батысы мен шығысында орналасқан 11 ЖОО білдіретін, ЖОО әкімшілігінің 96 өкілдері қатысты. Бұл алынған көріністі бүкіл ел үшін жеткілікті шынайы деп есептеуге және жіберілген қателікті – 5% депқабылдауға мүмкіндік береді. Сөйтіп, 5% асатын нәтижелерді орташа көрсеткіштен біршама ауытқу деп есептеуге болады. Бұл дан басқа, алынған мәліметтерді талдауда логикалық топтастыру әдісі қолданылды, және кейбір көрсеткіштер соммаланған түрде ұсынылды, бұл есеп мәтінінде жеке айтылады.

1 тіркеме.

#### **СТУДЕНТТЕР**

Блок: ЖОО оқу үрдісі мен қаржыландыруды басқаруға кім қатынасады және кім қатысуы қажет

Блок: Оқу үрдісін басқаруға студенттердің тікелей қатысуы

Блок: Студенттердің ЖОО қаржыларын басқару үрдістері туралы хабардарлық деңгейі

Блок: Білім қызметтерінің құны мен сапасының қатынасын бағалау.

#### **ОҚЫТУШЫЛАР (КУРАТОРЛАР)**

Блок: ЖОО оқу үрдісі мен қаржыландыруды басқаруға кім қатынасады және кім қатысуы қажет

Блок: Оқу үрдісін басқаруға студенттердің тікелей қатысуы

Блок: ЖОО қаржыларын басқару үрдістері туралы оқытушылардың хабардарлық деңгейі

Блок: ЖОО қаржыларын басқаруға оқытушылардың жеке қатысуы

Блок: ЖОО қаржыларын басқару мәселелеріне оқытушылардың жеке белсенділік деңгейі

Блок: Білім қызметтерінің құны мен сапасының қатынасын бағалау.

#### **ӘКІМШІЛІК**

Блок: ЖОО оқу үрдісі мен қаржыландыруды басқаруға кім қатынасады және кім қатысуы қажет

Блок: Оқу орнын басқарудағы студенттердің орны мен рөлі

Блок: Оқу үрдісін басқарудағы студенттердің орны мен рөлі

Блок: ЖОО-дағы қаржы ағымдары туралы студенттердің хабардарлық деңгейі

Блок: Әкімшілік шешімдер қабылдау үлгісіндегі студенттердің мүмкіндіктерін

Әрі қарай есепте сұралған топтар – студенттер, оқытушылар мен ЖОО әкімшіліктерге (ректорат) қатысты ақпараттар жалғасады. 1 тіркемеде біз студенттер, оқытушылар мен ЖОО әкімшіліктерінің өкілдеріне арналған сұрақтар блогын ұсынамыз, олар оқу үрдісі мен қаржыларды басқарудың ашықтығы мен тиімділік сұрақтары ашылады.

Барлық үш мақсаттық топтарға арналған, сауалнамада берілген сұрақтар сауалнамаға қатысушы әртүрлі топтардың пікірін салыстыруға және қарама-қайшы салыстыру әдісімен алынған нәтижелерді талдауға мүмкіндік береді.

#### **ЖОО оқу үрдісі мен қаржыландыруды басқаруға кім қатынасады және кім қатысуы қажет?**

Осы сұрақтарға жауаптарды қарастыра отырып, оқу үрдісі және сонымен бірге, қаржыларды басқару саласында қазіргі жағдай іс жүзінде студенттердің түсінігіне сәйкес келеді. Бірақ, студенттер қатарынан сауалнамаға қатысушының әрбір төртіншісі ЖОО-дағы маңызды үрдістерді басқару кімнің қолында екендігіне жауап беруге қиналатыны өзіне назар аудартады. Сол уақытта, сұраққа жауап бере алмағандардың саны біршама аз. Осы сұраққа тікелей кураторлық қызметпен айналысатын, демек, студенттердің мәселелерімен терең таныс оқытушыларда да жауап бергенін атап көрсеткен жөн. Бұдан басқа, штаттық қызметкерлер туралы сөз болып отырғандықтан, олар ЖОО-да қалыптасқан оқу үрдісі мен қаржыларды басқару жүйесі туралы түсінігі бар деп болжауға болады. Оқытушылардың пікірі бойынша университеттердегі билік топтық әкімшіліктердің (ректораттың) қол астында шоғырланған. Оқытушылардың көпшілік бөлігі осылай деп есептейді – 72 %. Тек респонденттердің 10% ғана оқу үрдісі мен қаржыларды басқаруға қатысушылар ретінде профессорлық-оқытушылар құрамын атаған. Студенттің өзін-өзі басқару органдары одан да сирек көрсетілді – 7,5 % жуығы. Сұралған оқытушылардың тек 5 % ғана ҚР Білім және Ғылым Министрлігін ЖОО басқару субъектісі ретінде атайтындығы қызықты жағдай. Осындай ұстаным және оқу мекемелерінің студенттері немесе оқытушыларының арасында үсінікті болуы мүмкін еді. Бірақ, біздің жағдайымызда ҚР -дағы жоғары мектеп қызметін ұйымдастыру механизмдері туралы хабардарлықтың өте төмен деңгейі туралы болжам жасауға тура келеді.

Дамыған елдердің ұзақ мерзімдік тәжірибесімен тексерілген, академиялық өзін-өзі басқару принциптері басқару үрдістеріне университет ұжымының өте кең қатысуын білдіреді. Университеттік демократия қайнар көздерде азаматтық қоғамның үлгісі және мектебі деп жиі айтылады. Жөары дамыған бола отырып, оқытушылар әкімшіліктің жауапты серіктестері рөлін ойнайтын басқарудың осы жүйесі білім қызметтері сапасының өсуін, мықты тұрақтылықпен үйлесімде ЖОО дамуының динамикасы мен жоғары мектептің озық дәстүріне ізбасарлығын қамтамасыз етеді.

ЖОО оқу үрдісі мен қаржыларды басқару кімнің қолында екендігі жөнінде әкімшілік өкілдерінің пікірлері ұтілгендей, студенттер мен оқытушылардың пікірінен біршама айырықшаланады. Бұл ЖОО басқаруға кім қатысуы қажет деген сұрақ бойынша тұжырымда да өз бейнесін табады.

Әкімшілік өкілдерінің белгілі бір өлігі университетті басқару мәселелерін барынша демократиялық көзқарасқа бейімділігі өзіне назар аудартады – мысалы, олардың пікірі бойынша басқару үрдістерінде профессорлық-оқытушылар құрамымен қатар, студенттік өзін-өзі басқару органдары да үлкен рөл ойнауы қажет есептейді. Ал, министрліктің рөлі кво-мәртебесімен салыстырғанда біршама төмендеуі қажет.

#### ***Оқу үрдісін басқаруға студенттердің тікелей қатысуы.***

Респонденттердің пікірі бойынша олардың оқу үрдісінің жоспарлануына қатысуы анық жеткілікті емес. Мысалы, оқу жоспарларын құру, сабақтар мен арнайы курстардың кестелерін құруда студенттердің пікірі мүлдем ескерілмейді немесе өте сирек ескеріледі деп есептейтіндердің саны жартысынан астамын құрайды – жалпы 57%. Тек 20% жуығы осы сұрақтарда студенттердің пікірі тұрақты ескеріліп отыратынын көрсеткен. Респонденттердің аз ғана саны осы сұраққа жауап беруге қиналған, бұл жанама түрде ЖОО құрылымдарымен өзара әрекеттесудің осындай түрлерінде өз тәжірибесінің жоқ екендігін көрсетуі мүмкін.

Алынған мәліметтерді салыстыруда оқу үрдісіне және қаржыларды басқарудағы қатысуды әкімшіліктен (ректораттан) білімқызметінің басқа субъектілеріне қайта тапсыр ылуы– әкімшілік үлестің 18% азаюы және оқытушылар мен студенттердің (соммада) үлестерінің 10 пайызға жоғарлауы айқындала түседі.

Толық суретті көру үшін сонымен бірге, оқу мекемелерін басқару саласында қалыптасқан жағдай турады әкімшілік өкілдерінің пікірін анықтау қажет болды.

Болондық декларацияның негізгі принциптеріне сәйкес оқу жоспарын құруға студенттің жеке қатысуы маман дайындау сапасын жоғарлатудың ғана емес, қызмет ұсынушы –ЖОО мен қызметті алушы – студенттің өзара жауапкершілігін қалыптастырудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылатынын еске саламыз.

Оқу үрдісін басқаруға студенттердің қатысуына негізгі кедергілер не болып табылады деген сұраққа берілген жауаптар біршама қарама –қайшы болып жүрінеді. Респонденттер (студенттер) студенттерде қажетті тәжірибенің жоқтығын біршама жиі (23% жағдайдан астамы) көрсеткен. Бірақ, бұл мәселе тұйық сипатқа ие – егер студенттер осындай қызметке тартылмайтын болса, онда оларда бұл тәжірибе қайдан болады?

Жоғарыда айтылғандардан шыға отырып, келесі сұрақ қызықты болып табылады: ЖОО оқу үрдісі мен қаржыларды басқаруға студенттердің қатысуына сонда не кедергі келтіреді?

Сауалнамаға қатысушылардың шамамен 10% студенттердің бос еместігін және оларда бастаманың жоқ екендігін көрсеткен. Сөйтіп, респонденттердің жартысына жуығы студенттердің өздерімен байланысты себептерді атаған. Бірақ, қалыптасқан жағдай үшін ЖОО әкімшілігіне жауапкершілік жүктейтіндер де бар – жалпы 17% студенттердің оқу үрдісін басқаруға қатыспауының негізгі себептері ретінде әкімшіліктің өз істеріне «бөтендерді» араластырғысы келмеуі және студенттердің әкімшіліктен түгелдей тәуелділігін атаған.

Бірақ, ең көрнекті факт – бұл сұралғандардың 25% жауаптың ұсынылған варианттарына қарамастан, қойылған сұраққа жауап беруге мүлдем қиналатындықтары. Осындай нәтиже студенттердің біршама бөлігі осы мәселені ойламайтындығын және оқу үрдісін басқаруға өзінің қатысуы қажеттілігін сезінбейтіндігін куәландыруы мүмкін.

ЖОО қаржыларын басқаруға студенттердің қатысуына кедергі келтіретін мәселелердің арасында студенттердің өздерімен байланысты мәселелер (сәйкес тәжірибенің болмауы, бастамалықтың жоқтығы, бос уақытының болмауы) көшбасшылық алады – 43 % жуығы, бұнда сауалнамаға қатысушының әрбір үшіншісі (32%) қаржыларды басқаруға студенттердің қатыспау себептерін анықтай алмаған. ЖОО әкімшілігін осы мәселенің туындау қайнар көзі ретінде сұралғандардың 24 % көрсеткен – әкімшіліктің өз істеріне араласуды қалмауы, студенттерге деген сенімсіз қатынасы және т.б.

Жоғарыда келтірілген тұжырым келесі мәліметтермен расталады. Респонденттердің өздері оқу үрдісін басқаруға қатысқысы келе ме деген сұраққа 28% жуығы теріс жауап қайтарған! Дегенмен де, сұралғандардың жартысына жуығы оның ішінде тұрақты негізде, қандай да бір түрде болсын осындай ниет білдірген. Жауап беруге қиналғандардың саны 10% азын құраған, бұл көпшілігінің жеткілікті белгілі бір ұстанымы туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Сауалнама мәліметтерін қорытындылай отырып, оқу үрдісін басқаруға қатысудың ең оңтайлы түрі студенттік өзін-өзі басқару органы (СӨБ) болып табылады: 43% оларды өз өкілдері ретінде атаған, ал 14% СӨБ органдарында өзінің жеке қатысқанын көрсеткен. Бірақ, респонденттердің 22% оқу үрдісін басқарудағы олардың мүдделері деканаттарға ұсынылғаны жақсырақ болады деп есептеген, яғни жауапкершілікті әкімшілік құрылымдарға аударған. Қаржыларды басқару мәселелеріндегі студенттер белсенділігінің төмен деңгейі респонденттердің жартысына жуығы (46%) өз ЖОО қаржыларын басқару үрдістеріне қатысқыңыз келе ме деген

сұраққа теріс жауап қайтару фактісін де растайды. Оңды жауаптардың жалпы саны 42% құрады, ал қалғандары жауап беруге қиналған.

**ЖОО қаржыларын басқару үрдістері туралы студенттердің хабардарлық деңгейі.** Сауалнама жүргізуде алынған мәліметтер өкінішті тұжырым жасауға мәжбүрлейді – студенттер ЖОО қаржыландыру үрдістері туралы нашар ақпараттандырылған. Бұл өте ойландыратын жағдай, себебі студенттер мен олардың ата-аналары ЖОО-ына қаша әкеледі. Сұралғандардың 55% ЖОО қаржыландыру туралы ештеме білмейтіндіктерін тікелей көрсеткені, 7% сәл астамы жекеленген ақпараттың қайнар көзі ретінде СӨЗ органдары мен әкімшілікті атағаны тіпті қызықты жағдай. Және тек 7% ғана алынған ақпаратты толық көлемде ресми есептерден алып отыратынын көрсеткен.

**ЖОО қаржыландыру жүйесі туралы оқытушылардың хабардарлық деңгейі де жақсы жағдайда емес.** ЖОО қаржыландыру көлемдері туралы толық ақпаратқа ие екендігін сұралғандардың төрттен бірі ғана мәлімдеген – 24,7%, жекеленген осындай ақпаратты әкімшіліктен респонденттердің тағы да 22% алады. Сол уақытта, 40% астамы бұл туралы ештеме білмейтіндіктерін көрсеткен. ЖОО қаржылар қалай бөлінетіндігі туралы ақпараттану көрінісі дәл осыған ұқсас – толық көлемде және бөлшекті түрде бұнымен 50% жуығы ғана таныс, 41% ештеме білмейді. Әрине, ақпараттанудың осындай деңгейін қанағаттанарлық деп есептеуге болмайды.

ЖОО қаржыларын басқару үрдісіне студенттердің қатысу дәрежесі. Алдыңғы блок сұрақтарына берілген жауаптарды талдауда туындаған сурет ЖОО қаржыларын басқару үрдісіне студенттердің қатысуының жоғары көрсеткіштерін күтуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан, сұралғандардың 75% бұны ештеме жасамағандықтары туралы жауап бергені күтілген нәтиже. Оңды жауаптардың жалпы саны 10% жетті, ал 13% бұл сұраққа жауап беруге қиналды.

ЖОО қаржыларын басқаруда қаражат құралдарын таратуға оқытушылардың жеке қатынасу суреті осы сұрақ бойынша хабардарлық жағдайынан да нашар түрде көрінеді. Респонденттердің 80% жуығында осындай тәжірибе жоқ немесе бұны өте сирек жасаған. Қаражат құралдарын таратуға тұрақты негізде сұралған оқытушылардың тек қана 10% қатысады.

Қаржыларды басқару мәселелеріндегі студенттер белсенділігінің төмен деңгейі респонденттердің жартысына жуығы (46%) өз ЖОО қаржыларын басқару үрдістеріне қатысқыңыз келе ме деген сұраққа теріс жауап қайтару фактісін де растайды. Оңды жауаптардың жалпы саны 42% құрады, ал қалғандары жауап беруге қиналған.

Студенттердің қаржыларды басқаруға қандай түрде қатысқысы келетіндіктері туралы сұраққа сұралғандардың 70% «СӨЗ органдары, деканаттар арқылы» деп жауап берген. Осы үрдістерге жеке қатысқысы келетіндер тек қана сұралғандардың 1,6%, 27% жауап беруге қиналады. Осы мәліметтер тағы да студенттердің қызығушылығының төмен деңгейі туралы айтуға мәжбүрлейді.

1 ұпай ашықтықтың ең төмен дәрежесін және 10 ең үлкен дәрежесін көрсететін, 10 ұпайлық шкала бойынша «ЖОО оқу үрдісі мен қаржыларды басқарудың ашықтық деңгейін бағалаңыз» деген сұраққа біз келесі нәтижелер алдық: студенттер арасында бағалардың таралуы салыстырмалы тең дәрежеде («5 ұпай» позициясындағы шартты шарықтау шегі респонденттер хабардарлығының әртүрлі деңгейі туралы, және сонымен қатар, оқу үрдісін басқару бөлігінде және қаржыларды басқару бөлігіндегі бағалаулардың әртүрлі деңгейі туралы куәландыруы мүмкін).

Оқытушылар өз ЖОО оқу үрдісі мен қаржыларды басқарудың ашықтығын жеткілікті жоғары бағалайды – 64% 5 ұпайдан 10 ұпайға дейінгі аралықта ауытқиды.

ЖОО әкімшілігі қатарынан шыққа респонденттерге де ЖОО оқу үрдісі мен қаржыларын басқаруға студенттердің қатысу ашықтығы деңгейін 10-ұпайлық шкала бойынша бағалау ұсынылды. Нәтижесінде, 1 ұпайдан 5 ұпайға дейін бағалаулар 41% жуығына келді, ал 6 ұпайдан 10 ұпайға дейінгі бағалау – 59 % құрады. Бұндай бағалау жұмсақ айтсақ, жоғарылатылған, бұл туралы алынған нәтижелерді салыстыруда егжей-тегжейлі айтылатын болады.

**Білім қызметтерінің құны мен сапасының ара қатынасын бағалау.** Студенттер мен оқытушыларға ұсынылған сауалнамадағы соңғы сұрақ ЖОО оқу ақысы мен көрсетілетін білім қызметтерінің сапасының ара қатынасына қатысты. Әрбір екінші студент (55%) оқу ақысы алынатын білім сапасына мөлшерлес деген тұжырыммен келіскен. Бірақ, сұралғандардың бестен бір бөлігі білім сапасы оқу ақысынан төмен деп есептейді. Респонденттердің осындай саны сұраққа жауап беруге қиналған.

Оқытушылардың жартысынан астамының пікірі бойынша (60 пайыз) бұл арақатынас тиімді. Сауалнамаға қатысушылардың шамамен тең бөлігі қарсы ұстанымды алған: оқу ақысы жоғары болуы қажет – 14 пайыз, білім сапасы оқу ақысынан төмен – 12 пайызға жуығы.

## ОҚЫТУШЫЛАР (КУРАТОРЛАР)

### Сауалнамадағы кейбір сұрақтар оқытушылар үшін арнайы құрылған.

Респонденттердің үштен бір бөлігі оның ЖОО басқаруға тартылуының ешқандай мәнісін көрмей, студенттерге сенімсіздік білдіретінін мазаландыратын жағдай. Егер жоғары мектептің маңызды қызметі – қоғамның әлеуметтік-кәсіпкер элитасын дайындау болатын болса, онда келесі сұрақ туындайды: егер ертеңгі басшылар басқарудың практикалық дағдыларын ЖОО -ында оқу жылдарында алмағанда қайда және қашан алады? Дегенмен дұрыс жауап берген оқытушылардың жартысынан астамы (58%) ЖОО басқару үрдістеріне студенттерді тарту қажет деп есептейді.

Бұл жағдай қалай қалыптасып отыр? Оқытушылар қатарынан сауалнамаға қатысушылардың 48% пікірі бойынша ЖОО ішінде қаржылардың шығындалуы туралы ақпарат немесе қол жетімсіз, не қатаң шектелген. Тек бестен бір бөлігі (21%) ғана осындай ақпаратты толық көлемде игергенін, ал 22% оны негізінде әк імшілік арқылы алуға болады деп есептейді.

Студенттердің ақпараттануы туралы және ақпараттық қол жетімділік туралы сұраққа қайта оралсақ, қаржылық ағындарды басқару туралы сөз болғанда осы сұрақ ерекше мәнге ие болады.

Сауалнамаға қатысушылардың – әкімшілік өкілдерінің сөздерінен осындай ақпарат әрқашан студенттерге қол жетімді емес. 60% оңды жауап бергенімен, 14% жуығы теріс жауап қайтарған, ал әрбір оныншысы бұны қажетті деп есептемейтінін айтқан. Бұдан басқа, 12% осы сұраққа жауап беруге қиналған.

Сауалнама қатысушылары – ЖОО оқытушыларымен ұсынылған мәліметтер бойынша оқу мекемесі ішінде қаржылық ағындар туралы студенттерді ақпараттардыру жағдайы жоғарыда аталғаннан айырмашылығы шамалы. Студенттер үшін бұл ақпарат қол жетімсіз немесе қатаң шектелген – 47% осылай деп есептейді, сұралған оқытушылардың 40% жуығы әкімшілік арқылы немесе ақпараттың ашық қайнар көзі арқылы қол жеткізуге болады деп есептейді. 13% бұл сұраққа жауап беруге қиналатынын атап көрсету қажет. Сонымен, сауалнамаға қатысушылардың біршама саны студенттерге қаржылардың шығындалуы туралы ақпаратты ұсынуды қажетті деп есептемейді.

Бұл жағдай немен шартталған. Осы қалыптасқан жағдайға әкелген келесі себептер аталды. Оқытушылар тарапынан – тәжірибе мен бастамалардың жоқтығы, сонымен қатар жұмыс бастылығы – жалпы 50% жуығы. Әкімшілік тарапынан – өз істеріне араласуын қаламайтыны, бюрократия мен оқытушылардың толық тәуелділігі – жалпы 30 пайызға жуығы. Бұдан басқа, 10 пайыздан астамы осы сұраққа жауап беруге қиналған.

ЖОО қаржыларын басқару да студенттердің қатысуына не кедергі келтіретіні туралы оқытушылардың пікірін талдауда да осының ұқсас сурет анықталады: 55% тәжірибе мен бастамалардың жоқтығын, және студенттердің бос уақытының болмауымен байланыстырады. Әкімшілік қызметімен байланысты себептерді (өз ісіне араласуын қаламауы, студенттердің тәуелділігі, сыбайластық және т.б.) респонденттердің 21% жуығы көрсетеді.

Сіз ЖОО қаржыларын басқаруға жеке қатысқыңыз келе ме деген сұраққа оқытушылардың 44,5% оңды жауап, ал 44,1% – теріс жауап қайтарған, сауалнамаға қалған қатысушылар жауап беруге қиналған немесе осы жөнінде өз пікірі жоқ.

Бірақ, Сіз ЖОО қаржыларын басқаруға қандай түрде қатысқыңыз келеді? деген сұраққа жауаптарды талдау осықорытынды түзетуге мәжбүрлейді. Бұның себебі, алдыңғы сұраққа оңды жауап бергендердің арасындағы тек 15% ғана осыны жеке түрде жасағысы келеді. Қалған бөлігі осы сұрақтарды шешуді әкімшілік құрылымдарға – қаржылық-экономикалық бөлім бойынша проректорлар, деканаттар және тіпті, СӨБ органдарына тапсыруға дайын – жалпы 75%.

Осымен, ЖОО қаржыларын басқару мәселелеріндегі оқытушылардың жеке белсенділік деңгейі өте төмен. Бұдан сұрақ туындайды: ЖОО басқару үрдістеріне қатысуға осындай қатынас көрсетіп отырған оқытушылар студенттер үшін белсенді азаматтық ұстаным үлгісі бола ала ма және оларды демократия мен серіктестіктің практикалық дағдыларына үйрете ала ма?

Студенттердің тек 25% ғана ЖОО басқаруға қатысты ақпарат туралы оқытушыларға жүгінетіндігі таң қалдырмайды. Студенттер, профессорлық-оқытушылар құрамы және ЖОО әкімшілігі арасында негізінен байланыстырушы буын қызмет атқаратын, куратор оқытушылар туралы әңгіме болып отырғандығын еске саламыз. Сауалнамаға дәл осы категорияның өкілдері қатысты және студенттер оларға мүлдем жүгінбейтіндігін, немесе бұны өте сирек жас айтынын жүрсеткен – 66%. Бұған кем дегенде үш себеп бар болуы мүмкін: 1) студенттердің пассивтілігі, 2) куратор беделінің төмен деңгейі, 3) оқытушыларға (кураторларға) жүгіну ешқандай нәтиже бермейді.



## ӘКІМШІЛІК

*Зерттеу аясында оқытушыларға арналғандай, ЖОО әкімшілігі үшін де оқу мекемесіндегі басқаруда студенттердің орны мен ролі туралы жеке сұрақтар дайындалған болатын.*

Сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі – 70% жуығы ЖОО басқару үрдістеріне студенттерді қатыстыру практикасын пайдалы ғана емес, сонымен бірге қажетті деп есептейді. Тек бестен бір бөлігі (21,6%) бұны қажетті деп есептемейді. Әрі қарай нақтылайтын сұрақ қойылды – әкімшілік өкілдері студенттерге осындай мүмкіндіктерді ұсынуға дайын ба? Оңды жауаптардың жалпы саны 83% құрады, ал рас, респонденттердің 15% жуығы абсолютті қарама-қайшы жауап берген. 70% жуығы ЖОО ішіндегі басқару қызметіне студенттерді тарту практикасын қолдаса, алынған мәліметтерге сәйкес, біршама аз саны (60% жуығы) басқару үрдістеріне студенттердің толыққанды қатысу мүмкіндігі бүгінгі күннің өзінде де бар екендігін атап көрсеткен. Осыған қосымша, 26% жуығы (яғни, сауалнамаға қатысушының әрбір төртіншісі) студенттердің шектелген басқару мүмкіндіктері (дауыс беру құқығынсыз) қазіргі ЖОО орын алып отырғанына сенімді.

ЖОО ішкі қабілетін қайта құрудың негізгі тетіктері әкімшіліктің қолында шоғырланғандығы айқын, сондықтан келесі сұрақты қойған жөнді болады – басқару үрдістеріне қатысуға студенттерді барынша белсенді тарту үшін қандай шаралар қабылданады?

Жұмыстың ең жиі аталған түрі – студенттер мен әкімшілік өкілдерінің есептік кездесулері – 23,5%, ақпараттық қабырғалар мен СӨЗ органдарын тарту - 17%, әкімшілік өкілдерінің студенттермен жеке кездесуі және студенттерден ұсыныстар қабылдау бекеті 15% жуығы, ЖОО сайтындағы арнайы форум – 11%.

Сонымен, оқу мекемесіндегі басқару үрдістеріне студенттердің қатысуын белсендіру бойынша негізгі шаралар ақпараттық сипатқа ие – 80% астамы. Әкімшілік және басқару қызметінің субъектісінің жауапты серіктесі ретінде басқаруға тікелей қатысу – СӨБ органдарын тарту – тек 17% жағдайларда байқалады. Әрине, студенттерді ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізу өте маңызды. Бұрын анықталғандай, олардың хабардарлығының төмен деңгейін ескерсек. Бірақ, дамыған елдер мен озық оқу мекемелерінің тәжірибесі СӨБ-дың дамыған жүйесімен өзара әрекеттесу – басқару практикасына студенттерді тартудың барынша тиімді жолы ғана емес, сонымен бірге жүрсетілетін білім қызметтерінің сапасын жоғарлату және жастардың демократиялық дағдыларын дамытудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылатынын көрсетеді.

**13 сурет. Неге ЖОО-ына бюджеттен түсетін қаржылар туралы ақпаратты студенттерге ұсынудың қажеті жоқ?**

ЖОО-ына бюджеттен түсетін қаржылар туралы ақпаратты студенттерге ұсыну қажеттілігінің жоқтығы туралы сұраққа жауап бергендердің төрттен бірінен астамы жауап беруге киналады. Бұл ең таңдалатын позиция, бұл – әкімшілік қызметкерлері ЖОО басқару үрдістеріне студенттерді қатыстыру мәселесі туралы сирек ойланады деп болжам жасаға мәжбүрлейді. Сұралғандардың осыдан сәл азы рағы – 22,5% – бұл сұрақ тек әкімшілік пен ҚР БҒМ қатысты деп мәлімдеген. Жалпы әрбір үшінші респондент жағдайда студенттердің жеткіліксіз білімділігі мен қызықпаушылығымен түсіндіреді. Бірақ, бұл жағдайда ЖОО өзінің басты мақсаты – болашақтағы жоғары және орта буынды басшыларды дайындауды жүзеге асыра алмайтынын мойындауға тура келеді. Сауалнамаға қатысушылардың 9% жуығы әлеуметтік саладағы бюджеттік қаражаттардың шығындалуы туралы ақпаратты құпия деп есептейтінін тіпті, қызықты жағдай!

Пікірлерге әуелсіз, қаржылардың шығындалуы туралы студенттерді ақпараттандыру қажетті ме, осындай ақпаратты алудың қандай мүмкіндіктері бар? Бір қарағанда, олар біршама – студенттермен есептік кездесулер, СӨБ органдарынан әкімшілікке берілетін сұраныстар, студенттердің ректор атына жеке сұраныстары. Осы позицияларды жалпы респонденттердің 77% атап көрсеткен. Бірақ, бұл шаралардың барлығы жүйелілік сипатта емес. Тек, 18,4% ғана қажетті ақпаратты университеттердің сайтында тұрақты орналастыру қажет деп белгіленген.

**Әкімшілік шешімдер қабылдау үрдістеріндегі студенттердің мүмкіндіктері.** Әкімшілік қатарынан сұралғандардың жартысына жуығы (60% жуығы) студенттер ЖОО шешімдер қабылдауға әсер ете алады деп көрсеткен. Бірақ, үштен біріне жуығы осында мүмкіндікті тек сөз жүзінде ғана деп есептейді, ал 7% студенттерде бұндай мүмкіндіктің жоқ екендігін мәлімдеген.

Студенттер әкімшілік шешімдерге қандай түрде әсер ете алады? Тағы да, бірінші қарағанда, осындай мүмкіндіктер көп сияқты болып көрінеді. Әкімшіліктің студенттермен кездесуі бәрінен жиірек аталған – барлық жауаптардың үштен бір бөлігі. Қалған жағдайларда әкімшілік өкілдерімен жеке кездесулер, студенттерден ұсыныстардың түсуі және форумдағы талқылаулар аталған. Тек 18% жағдайларда ғана СӨБ органдары көрсетіледі. Бірақ, әрбір ЖОО-дағы студенттік өзін-өзі басқару мәртебесі өз бетімен анықталады, және аз жерде ғана студенттік белсенділердің өкілдері бекітілген дауыс құқығына ие.

«Студенттердің әкімшіліктің шешімдеріне әсер ету мүмкіндігінің жоқтығының себебі неде?» деген сұраққа респонденттердің үштен бірі жауап беруге қиналатындықтарын көрсеткен. Респонденттердің осыдан сәл азырақ саны негізгі себеп ретінде студенттердің оқу жүктемесінің көптігін атаған. Бірақ, осы себепті маңызды деп есептеуге бола ма: аз санды студент белсенділері – бұл әдетте жақсы және өте жақсы оқитын жастар. Демек, оқу мен ЖОО өміріне белсенді қатысудың нақты мүмкіндігі бар. Сұралғандардың 14% барынша нақты себеп көрсеткен – әкімшілік және студенттер арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерінің болмауы. Сауалнамаға қатысушылардың біршама саны (13% жуығы) еркін түрде жауап бере отырып, «бұндай себептер жоқ» деп мәлімдеген және тіпті, «студенттердің қорқақтығы» (1 респондент) деп көрсеткен.

## ҚОРЫТЫНДЫ: ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН КЕҢЕСТЕР

1266 студенттер, бітірушілер, кураторлар, оқытушылар, ЖОО әкімшіліктері және жұмысберушілерге әлеуметтік сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылған, «ЖОО ашықтығы мен есептілігі жоғары білім сапасын жоғарлатудың объективті шарты ретінде» жобасының зерттеу құрамын жүзеге асыру барысында әртүрлі мүдделі топтардың білім сапасы, жұмыспен қамтылу мүмкіндіктері, ЖОО басқару жүйесінің ашықтығы мен есептілігі туралы қандай пікірде екендігін анықтау мақсаты қойылды.

Білім және Ғылым Министрлігінің мәліметтері бойынша жоғары оқу мекемелерінің саны 129 сәйкес келеді, олардың негізгі бөлігі жеке оқу мекемелерімен (57%) ұсынылған, ЖОО-ның төрттен бірі – мемлекеттік, және әрбір оныншы ЖОО – азаматтық емес. Қазақстандағы ЖОО жалпы санының ішіннен Ұлттық ЖОО санының барлығы 7% және халықаралық 1%. Студенттердің үштен бір бөлігі бюджет есебінен және үштен екісі өз қаражаты есебінен оқиды, күндізгі және сырттай оқу бөлімдерінің студенттері де осындай арақатынас құрайды, онда күндізгі бөлім студенттері студенттердің жалпы санының шамамен 70% қамтиды. Жалпы ЖОО оқуға несиелерді бөлу саясаты гранттар ұсыну практикасынан аз. 2005 жылдан бастап мемлекет несиелер бөлуді тоқтатты, ал сол жылы гранттардың саны 14 мыңнан 30,2 мыңға дейін артты. 2009 оқу жылында 33,8 мың грант бөлінген болатын. Бір студентті дайындауға жұмсалатын орташа шығындарда да өсті, 1999 жылғы 60 мың теңгеден 2007 және 2008 жылдарда 170 мың теңгеге артса, 2009 жылы бір студентті оқыту құны орташа алғанда 260 мың теңгеге жетті.

**Зерттеудің бірінші бөлімінің қорытындылары.** Сұралған студенттер қатарының жартысы оқу ақысын өз есебінен өлеген, ал студенттердің 40% жуығы білім гранттарын алған, сауалнама жүргізу сәтінде студенттердің 11% білім несиесіне ие болған және тек студенттердің 3% ғана компаниялар есебінен оқыған. Студенттердің негізгі бөлігі (92%) оқу келісімдерін бекіткен, ал 66% келісімдерді бекітуде олардың қиындыққа ұшырамағанын тұжырымдайды. Осымен бірге, білім келісімдерін бекітудегі қиыншылықтар туралы сөз еткен респонденттердің негізгі жауаптары арасында әрбір оныншысы құжаттардың өте көп санын жинау қажеттілігін атап көрсеткен. Егер білім келісімі ережелерімен хабардарлық деңгейі туралы айтсақ, респондент студенттердің жартысы ғана келісім ережелері туралы жақсы хабардар екендігін растайды, ал тағы 30% ережелер туралы білетінін жүрсетеді, және 10% білмейтінін немесе осы білімдердің маңызсыз екендігін мәлімдейді. Келісім ережелері толықтай немесе тармақтарының көпшілігімен келісетінін – респонденттердің 72% көрсеткен; көптеген тармақтарды өзгерту қажет деп – 16% атап жүрсетеді, және студенттердің барлығы 4% келісіммен толық келіспейтінін көрсетеді. Оқу келісіндегі мәселелі сұрақтары жөнінде студенттердің негізгі бөлігі оқу ақысының қымбаттылығы туралы айтады (36%) және осындай көлемі жауап беруге қиналады, респонденттердің 7% несиелер бойынша ставканың жоғары екендігін және жауаптың өз вариатын көрсеткен.

ЖОО-ымен қаржылық құралдардың шығындалуы туралы сұраққа сұралған студенттердің үштен бірі шығындар туралы хабардар екендігін және осы ақпаратты тарату ЖОО саясаты болып табылатынын атап көрсеткен, ал бақа үштен бірі шығындар туралы ақпараттың жабықтығы, ал әрбір төртіншісі осы тақырыпқа қызығушылығының жоқ екендігін мәлімдеген.

**Зерттеудің екінші бөлімінің қорытындылары.** Еңбек нарығындағы жастар жағдайының ерекшелігі қоғамның осы тобы де мографиялық сипаттарымен еңбек нарығында жүктеменің өсуіне ықпал етеді. Жастардың еңбек қабілетті жасқа енуі экономикалық дағдарыспен қатар, осындай жүктеменің жетекші факторларының бірі ретінде жалпы мойындалған. Сол уақытта, жас ұрпақ кез келген, тіпті жағымды жағдайдың өзінде әлеуметтік тәуекел тобы болып табылады. Бұған себеп еңбек нарығындағы бәсеке қабілеттілігінің еңбек қабілетті тұрғындардың басқа жастық категорияларымен салыстырғанда табиғи төмендігі.

Жастарды жұмыспен қамту мәселесі бұл жағдайда тек қана оның басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда табыстылық есебінен шешіле алады. Осындай бәсекелестіктің мүмкіндігі өте шектелген болды және осылай болып қалады. Осының басты себебі кәсіби дайындау жүйесінің дағдарысында жатыр. Біріншіден, жас бітірушілердің мамандығының ара қатынасы өзінің мәні бойынша елдің жаңа экономикалық және әлеуметтік өмірінің талаптарына сәйкес келуі қажет.

Сол уақытта, білім жүйесі өзінің үлкен инерттілігін және уақыт сұраныстарына нашар бейімделуін байқатты. Кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізу жүйесі бұзылды, оны кей інен өзіне оқу мекемелері емес, жұмыссыздықпен күресетін мекемелерге алу тура келді, және онымен елде ешкім жұмыс жасамайды. Осының салдарынан жастарды кәсіби дайындаудың жоғары емес сапасы мен жас бітірушілердің үлкен үлесінің мамандықтарының нарықта принциптік қажетсіздігі орын алды. Нәтижесінде бәсекеқабілеттілік төмендеді, ал жас маман үшін жұмысқа орналасу барынша қиынға айналды.

**Зерттеудің үшінші бөлімінің қорытындылары.** Осымен, зерттеуді үшінші бөлігінің негізгі қорытындысы бүгінгі күні ЖОО-ындағы студенттер ЖОО оқу үрдістері мен қаржыларды басқарумен байланысты сұрақтарға әсер ете алмайтыны болып табылады. Бұған себеп бірнешеу, біріншіден – практикалық тәжірибе мен дағдылардың болмауы, екіншіден – студенттердің бастамасыздығы, және үшіншісі, ең маңыздысы – әкімшіліктің өз істеріне студенттердің араласуын қаламауы және оларға деген сенімсіз қатынасы.

ЖОО басқару үрдістерінің ашықтық деңгейі туралы оқытушылар мен ЖОО әкімшілігінің пікіріне қарамастан, студенттер ақпараттың тек бір бөлігіне ғана қол жетімді және ЖОО қаржыландыру үрдістері туралы студенттердің ақпараттану деңгейі бұдан гөрі жақсырақ болуды қажет етеді деп есептейді.

Зерттеу нәтижелері бойынша ЖОО басқару үрдістерінде (әртүрлі себептер бойынша) өздері де белсенділік көрсетпейтін оқытушылар практикалық басқару дағдыларына ие болмай отырып, төмен азаматтық белсенділігі бар және басқару үрдістеріне мүлдем қызықпайтын студенттердің жаңа формациясын дайындауды

жалғастырып отыр деп қорытынды жасауға болады. Бұдан кезекті сұрақ туындайды: егер ЖОО қызметі – қоғамның әлеуметтік-профессорлық элитасын дайындау болса, онда ЖОО-ның осы қызметі өте төмен деңгейде орындалады, студенттер ынталандырылмайды және ЖОО басқаруға жіберілмейді, сонда студенттер практикалық дағдыларды қашан және қайда игереді?

Әкімшілік ЖОО басқару үрдістеріне студенттерді тарту практикасы тек қана пайдалы ғана емес, сонымен бірге қажетті деп есептейтініне және олардың осындай мүмкіндікті студенттерге ұсынуға дайын екендігіне қарамастан, бүгінгі күні бұған ешқандай жағдайлар құрылмаған, және бұл студенттердің пассивтілігін әрі қарай қолдай түседі.

Оқу мекемелерін басқару үрдістеріне студенттердің қатысуын белсендіру бойынша негізгі шаралар ақпараттық сипатта және әрдайым тиімді емес. Әрине, студенттерді ақпараттандыру бойынша жұмыс өте маңызды, әсіресе ынталандырудың төмен деңгейін ескерсек, бұл зерттеуде де анықталған болатын. Дамыған елдер мен озы оқу мекемелерінің тәжірибесі СӨБ -дың дамыған жүйесімен өзара әрекеттесу – басқару практикасына студенттерді тартудың барынша тиімді жолы ғана емес, сонымен бірге көрсетілетін білім қызметтерінің сапасын жақсарту және жастардың демократиялық дағдыларын дамытудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылатынын көрсетеді.

**Зерттеудің бірінші бөлімінің кеңестері.** Жоғары білімнің оқу ақысы студенттер мен олардың ата-аналары үшін мазалайтын сұрақтардың бірі болып табылады, жоғары білімді мемлекеттік қаржыландырудан бас тарту туралы шешімденген саясат және оны жинақтаушы жүйемен алмастыру халықта көптеген сұрақтар тудырады және кең ақпараттық жарықтандыруды талап етеді. Осыған қоса, респонденттерден алынған мәліметтер бойынша кәсіпорындардың 3% ғана студенттердің оқуын төлей отырып, демеуші ретінде рөл ойнайды. Коммерциялық компаниялар есебінен оқу ақысын төлеу мәселесі олардың әлеуметтік жауапкершілігін жоғарлату арқылы және әлеуметтік шығындарды алып тастау есебінен салық жүктемесін төмендету және әлеуметтік жауапкершілік бойынша кейбір шаралар жүргізу арқылы шешілуі қажет.

Студенттермен бекітілетін білім келісімдерінің түрлері жоғары оқу мекемелерінің сайттарында жариялануы керек, мысалы банктер ақпаратты клиенттерге несиелік немесе депозиттік келісімдермен танысу мүмкіндігін ұсынғандай. Жоғары оқу мекемелеріндегі білім қызметтерін ұсыну келісімдері міндетті түрде студенттердің ЖОО-ның қоғамдық өміріне, сонымен бірге ЖОО басқару үрдістеріне келесіммен қарастырылған көлемдерде және тәртіпте қатысу мүмкіндігін ескеруі қажет.

**Зерттеудің екінші бөлімінің кеңестері.** Еңбек нарығындағы жағдайды қалыптандыру болашағы жұмыспен қамту қызметінің жұмысын түзету, оларды үкіметтік қаржыландыру жүйесін жетілдіру, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламалардың ойластырылған жасақтамасы және білім жүйесін қазіргі экономиканың қажеттіліктерімен сәйкестікке келтірумен байланысты.

Студенттер-бітірушілердің бәсекеқабілеттілігін жоғарлатуға бірінші немесе екінші курс оқу кезіндегі каникул немесе практикалық апта кезеңінде практикадан өткізу оңды әсер тигізеді. Бұнда практикадан өтуі туралы мәліметтерді еңбек кітапшаларына, сертификаттар немесе ұсыныс хаттарға енгізуді қарастыруға болады, яғни осындай өндірістік практика жұмысқа орналасуда маңызды рөл атқара алуы мүмкін.

ЖОО-нда бірінші немесе екінші оқу жылынан кейін таңдаған мамандығына қызығушылығының болмау мәселесімен ұшыраспас үшін орта мектептің жоғары сынып оқушыларын кәсіби бағдарлау бағытында шаралар өткізу қажет.

Жастар үкіметтік емес ұйымдары, халықты жұмыспен қамту бөлімі және жұмыс берушілермен бірге жастарды оқыту, жұмысқа орналастыру және кәсіби бағдарлау бойынша шаралар жүргізу мақсатымен қала, облыс, республика деңгейлерінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде қаржылар бөлінуі қажет.

Жұмыспен қамту бөлімдерінің жұмысы күшейтілсін, мүмкін, жұмыс берушілер, мүдделі ҰЕҰ және ЖОО арасында жұмыспен қамтуды үйлестіру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою арқылы.

Орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік болашақта еңбек ресурстарында деген нарық қажеттіліктерін болжау бойынша жұмыстарды белсендіру қажет, ол мемлекеттік тапсырыстармен және бөлінетін гранттармен, сонымен бірге осы мамандықтардың қоғамдық мүдделерге әсері мен олардың болашақтағы қажеттілігі туралы қоғамды кең түрде ақпараттандырумен тікелей байланысты болуы керек.

Жұмыспен қамтуда ақпараттық құрамы орасан мәнге ие, ол бос қызметтер жәрмеңкесі, тақырыптық кездесулер, хабарламалар мен жас мамандарды іздеуге арнайы интернет порталдар арқылы ұйымдастырылады.

**Зерттеудің үшінші бөлімінің кеңестері.** Әлеуметтік жауапты басқарудың практикалық дағдыларын меңгеру жоғары білім алу кезеңінде жүруі қажет. Бұл үшін барлық мамандықтар үшін басқару теориясы бойынша арнайы курстар енгізіліп қана қоймай, сонымен бірге басқару шешімдерін қабылдауға студенттерді тарту практикасын кеңейту қажет.

ЖОО басқару жүйесінің ашықтығын жоғарлатудың қажетті шарты студенттер меңжымды істердің жағдайы мен қабылданатын шешімдер туралы бір реттік шаралар түрінде емес, тұрақты жүйелі негізде ақпараттандыру – ең маңызды мәліметтерді сайттарда және университет органдарындағы кезеңдік басылымдарда жариялау болып табылады.

Азаматтық өзіндік сананы жоғарлату және әлеуметтік бағдарланған басқарудың практикалық дағдыларын меңгерудің ең тиімді түрлері әкімшілік және профессорлық-оқытушылар ұжымының әлеуметтік серіктесінің институциональды құқығы берілген студенттік өзін-өзі басқарудың жоғары ұйымдастырылған түрін дамытуды білдіреді.

## 2 ҚОСЫМША. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

### ЕЛДЕРДЕ: УКРАИНА, АҚШ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ

Жұмыспен қамту және жұмыссыздық мәселелері – бүкіл әлемдегі экономиканың дамуындағы негізгілердің бірі. Жұмыссыздық деңгейінен қылмыс деңгейі, халықтың өмір сүру деңгейі, білікті жұмыс күшінің бар болуы, көші-қон деңгейі сияқты көптеген нәрселер тәуелді болады.

Әрбір елде қандай да болсын, жұмыссыздықтың белгілі бір деңгейі болады, бірақ егер ол өте жоғары болса, ол дағдарыс салдарына әкелуі мүмкін. Сондықтан, әрбір елдің мақсаты жұмыссыздық деңгейін азайту болып табылады. Бұл үшін әртүрлі шаралар қолданылады: жаңа жұмыс орындарын құру, еңбек нарығының қазіргі талаптарына сәйкес келетіндей етіп білім жүйесін өзгерту, кіші және орта бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызу және т.б.

Жастарды жұмыспен қамту әрқашан мемлекеттің өте маңызды әлеуметтік мақсаты болды және қала береді де, және бұл жерде сөз тек қазақстандық жағдай туралы ғана емес. Әлемдегі шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, осы мақсат жаңа жұмыс орындарын құру және экономиканы дамытуға тырысатын әрбір үкіметтің алдына тұрған мақсат. Бірақ, көбіне осындай терең мәселелерді шешуде жұмысберушінің пікірі әрдайым ескеріле бермейді, ал ескерілген күннің өзінде әрдайым экономикалық негізделмейді.

#### УКРАИНА

Украинадағы жұмыссыздық деңгейі Еуроодақ елдері бойынша орташа алынған деңгейден төмен. Бұл турады Украинаның Мемлекеттік жұмыспен қамту орталығы хабарлайды. Орталық сараптамашылары Халықаралық еңбек ұйымы (ЖЕҰ) әдістемесі бойынша анықталған, 15-70 жас аралындағы украин тұрғындарының арасындағы жұмыссыздық деңгейі 2009 жылдың 9 айы ішіндегі экономикалық белсенді тұрғындардың 8,6%-нан 2010 жылдың 9 айы ішінде 8,0% дейін төмендеген. Жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі барлық аймақтарда жүрген. Сол уақытта, Еуроодақ елдері бойынша орташа алғанда, бұл деңгей 8,8%-дан 9,6%-ға артқан. Жеке алғанда, Польшада жұмыссыздық деңгейі 2010 жылдың 9 айы ішінде 9,7%, Болгарияда – 9,9%, Венгрияда – 11,2%, Словакияда – 14,6%, Эстонияда – 18,0%, Литвада – 18,1%, Латвияда – 19,9%, Испанияда – 20,0% құраған.

Украинадағы жұмыссыздық саны өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 2010 жылдың 9 айы ішінде орташа алғанда 153,6 мың адамға азайған және 1,8 млн адам құраған. Жұмыссыздар арасындағы 71,6% қала тұрғындары (1,3 млн адамға жуығы) қамтыған, ал қалғандары – ауыл тұрғындары (504,1 мың адам).

Украинада қабылданған жаңа заң жобасы мәселені шешудің тетігі болуы мүмкін.

Салалық министрліктерде талқылаудан өткен және парламентте өз тіркеуін күтіп жатқан «Жастарды алғашқы жұмыс орнымен кепілденген қамтамасыз ету туралы» Заңның жасақталған жобасы жұмысберушінің көзқарасы тұрғысынан үлкен қызығушылық туғызады. Жаңа заң жобасы жұмысберушіден салық жүктемесінің бір бөлігін алып тастауға уәде береді. Жалпы, заң жобасының идеясы жұмыспен қамту қызметінің жолдамасымен жіберілген жас маманды жұмысқа қабылдау жағдайында, оған бір жыл мерзіммен алғашқы жұмыс орны берілген жағдайда, жұмысберуші көрсетілген қызметкердің еңбекақысын төлеу қорына есептелетін барлық тиесілі сақтандыру жарналарын төлеу міндеттемесінен босатылады. Бұл, атап айтқанда келесі жарналарға жатады:

- Украинаның зейнетақылық қоры;
- Еңбек қабілеттілігін уақытша жоғалту бойынша әлеуметтік сақтандыру қоры;
- Өндірістегі бақытсыз оқиғалар мен кәсіби аурулардан әлеуметтік сақтандыру қоры;
- Жұмыссыздық жағдайынан жалпыға міндетті мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры.

Сол уақытта жоба кішкентай, бірақ маңызды жағдайды құрайды, оған сәйкес жұмысберушіге жеңілдіктер берілуі мүмкін кәсіптер мен мамандықтардың тізімі Украина Министрлер Кабинетімен анықталады. Бұдан шығатыны, жас мамандардың барлығы бірдей осы жеңілдік категориясына кірмеуі мүмкін, және басымдылық жұмысшы мамандықтарда қалатын болады, ал бұл жалпы түсінікті де болжамды жайт. Бірақ, мүмкін жұмысшы кәсіптер (агробизнесті қоса алғанда) тартылған салаларға инвестицияларды тарту бүкіл экономиканың дамуына үлкен қарқын беруі де ықтимал. Ресейдегі Белгород облысындағы жағдай осыған мысал бола алады, онда АӨК секторына үлкен инвестициялар салу және ауыл шаруашылығы академиясының озық бітірушілеріне шетелде стажировкадан өту мүмкіндігін ұсыну аймақтағы АӨК дамыту үшін үлкен қарқын берді.

#### АҚШ

АҚШ-та студенттерге оқу бітіргеннен кейінгі жұмысқа дайындалу үшін олардың университетте оқу кезінде жұмыс тәжірибесін алуы өте маңызды. Көптеген студенттер өз университеттерінде толық емес күн жұмыс жасайды (кафе, кітапхана, жатақханалар және т.б.) және көптеген студенттер оларды қызықтыратын салаларда практикадан өтуді іздестіреді. Негізінен бұл практикалар төленбейді, бірақ олар университет студенттеріне құнды мүмкіндіктер береді. Оқу кезінде бір немесе бірнеше практиканы аяқтаған студенттерде оқу бітіргеннен кейін жұмысқа орналасудың үлкен мүмкіндігі болады. Практика студентке өзін қызықтыратын салада жұмыс жасауға, жұмыс түрі туралы көбірек білуге және осы сала шынымен де ол үшін қызықты болып табылатынын шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, практика саласында және ондағы қызметкермен жеке байланыстар пайда болады, олар болашақта ресурстар болып қызмет атқаруы мүмкін. Осындай практиканы аяқтаған кейбір студенттер олар практикадан өткен ұйымдарда толық жұмысын жалғастырып жатады. Университетте оқитын

кездерінде де ерікті үрде шақырылуы үшін практиканың осы түрі колледж студенттері арасында өте кең тараған. Ұсыныс практикадан өту сияқты студенттерге дағдылар мен байланыстар береді. Америкада еріктілік принципі – түйіндеменің маңызды бөлігі. Бұл адамның өз қоғамдастығына қамқорлық көрсететінін және жақсы нәрсе табу үшін асықпауға дайын екендігін көрсетеді. Ұсыныс адамға коммуникативтік қабілеттер, қарым - қатынас құра білу, ұйымдастырушылық дағдылары, тайм -менеджмент дағдылары, қоғамдық әңгімелер, хат, мәселелерді шешу, кәсіби шеберлікті дамыту сияқты «жұмсақ дағдылар» береді.

Университеттер Боқызметтер Жәрмекелері мен Желілік Оқиғаларды жиі ұйымдастырады, онда студенттер әртүрлі жұмыс салаларында жұмыс жасайтын адамдарды кездестіре алады, және олармен танысады, жақсы байланыстар құрай алады. Көптеген университеттер мен колледждерде кәсіби дамыту және олардың студенттері мен бітірушілерін жұмысқа жіберу орталықтары бар. Бұл орталықтар олардың түйіндеме жазуға, жұмыс іздеуге, интервьюден, практикадан өтуге, жұмысқа қабылдау туралы арыз жазуға, ілеспе хаттамалар және т.б. құрастыруға үйретеді.

Студенттер үшін оқу бітірген бойда олардың өз арманындағыдай жұмысты таба алмауы ықтимал екендігін білу маңызды. Олар қызықты емес жұмыста немесе жақсы жұмыс тапқанша екі жерде жұмыс жасауға тура келуі мүмкін. Әрбір жұмыс оларға үлкен дағдылар береді және болашақта жақсы жұмысқа ие болу үшін олардың мүмкіндіктерін жақсарту үшін сынайды.

АҚШ-тағы жұмыссыздық деңгейі 2010 ж. қараша айында 9.8 пайыз деңгейінде болды, бұнда «20+» деп аталатын топтағы, яғни 20 жастан сәл үлкен жастардың арасындағы жұмыссыздық көрсеткіші 10 болса, осы «20+» тобындағы қыз балалардың арасында жұмыссыздық сирек кездесті – 8.4 пайыздық жағдайларда, және жасөспірім-тинейджерлерде (16-19 жас) – 25 пайызға жуық. АҚШ-тың ресми статистикасына сәйкес жоғары білімі бар мамандардың арасындағы жұмыссыздық жоғары білімі жоқтармен салыстырғанда біршама төмен. Орта мектеп және колледж бітірушілердің арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 10 пайыз, толық емес бакалавры бар және жас маман дипломы бар адамдар арасында - 8.7 пайыз болса, ал бакалавр және одан да жоғары дәрежесі бар мамандар арасындағы жұмыссыздар – 5.1 пайыз.

## ҚЫТАЙ

Қазіргі Қытайдағы жұмыспен қамту саласындағы мәселелер бірқатар ерекше сипаттарымен бейнеленеді және бір бірімен тығыз өзарабайланыста жатыр.

Осы саладағы барлық дағдарыс құбылыстарын тек бір ғана жұмыссыздықпен байланыстыру дұрыс емес, бірақ дәл осы аспект халықтың көп санын қозғайды. Жұмыссыздық, демек, еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік Қытайға оның маңызды экономикалық артықшылықтарының бірі - жұмыс күшінің өте арзандығынан өндірілетін өнімнің төмен бағаларын қамтамасыз етіп отырғанына қарамастан, әлеуметтік күйзелістер қуатын арттыра отырып, әлеуметтік саладағы жағдай осының әсерінен тек ушығып келеді.

Жұмыспен қамту мәселелеріне келсек, бұндағы жағдай екі ұшты. Бір жағынан, ресми статистика жайландырады. 2010 жылы жұмыссыздықтың тіркелген коэффициенті 4% (30 млн адам) құраған, ол алдыңғы жылмен салыстырғанда 0,1% қысқарған. Дегенменде, бұл цифр өте оптимисті көрінеді, себебі барлық жұмыссыз қытайлықтар жұмыспен қамтылмаған тұрғын ретінде мемлекеттік органдарда тіркеле бермейді. ҚХР-ның Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Вэнь Цзябао 4,5% цифрді (35 млн адамға жуық) атайды, бірақ бұл алдыңғы цифрдан айырмашылығы аз және тіпті, бұл 0,5% ешқандай түрде жұмыспен қамту саласындағы нақты жағдайды бейнелей алмайды. Бұдан басқа, көптеген зерттеушілер жұмыспен қамту саласындағы жағдайды сипаттайтын осы статистикалық мәліметтер тек Қытайдың қала тұрғындары арасындағы мәселелердің жағдайын ғана көрсетіп отыр деп тұжырымдайды. Жұмыспен қамтылған тұрғындар саны 769,9 млн адам құраған, оның ішінде 38,1% қалаларда жұмыс жасайтын тұлғалар, ал 61,9% - ауыл еңбеккерлері болып табылады. Кейбір шетелдік авторлардың мәліметтері бойынша бүгінгі күні қалалардағы жұмыссыздық 30 млн адамға жеткен.

Екінші жағынан, осы ресми билік органдары дабыл қағып отыр. ҚХР -ның Еңбек және әлеуметтік қамтамасыздандыру Министрі 2011 жылы жұмыс орнына 24 млн үміткерлердің үкімет тек жартысына ғана жұмыспен қамтамасыз ете алады деп мәлімдеді. Министр жұмыссыздық саласындағы жағдай өте қиын және жақын жылдары «жұмыс орнына деген сұраныс тек өсіп отырады» деп атап көрсетті. Осымен, жағдай есептерді оқығанда байқайтын жағдайдан әлдеқайда қиын қалде.

Вэнь Цзябао 2008 жылдың наурыз айында өткен 11 шақыруындағы ҰПЖШ 1 сессиясында жұмыспен қамту саласында белсенді мемлекеттік саясат жүргізудің қажеттілігі туралы ой дамытқан болатын. Ол осы саладағы үкімет жұмысының негізгі бағыттары келесілер деп атап көрсетті:

- Өз бетімен жұмыс іздеу мен өзі бетімен кәсіпкерлік жүргізуді марапаттау (бірінші кезекте кіші кәсіпорындар құруды қолдау есебінен);
- Өз ісіне ие болғысы келетіндерді оқытуды жетілдіру және кәсіби даярлауды күшейту;
- Қаладағы және ауылдағы адам ресурстарының ортақ қалыпты нарығын қалыптастыруды қарқындыландыру, сонымен бірге қала және ауыл еңбеккерлерін тең құқылы жұмыспен қамту режимін қалыптастыру;
- Жұмыспен қамту бойынша әлеуметтік қызмет ету жүйесін жетілдіру;
- ЖОО бітірушілеріне қызмет көрсету және бағдарлануды күшейту;
- Мемлекеттік кәсіпорындарды реформаларүрдісінде қысқартылған, сонымен бірге әскери қызмет мерзімінен өткен адамдарды жұмыспен қамту жүйесін реформалауды күшейту;
- Мүгедектерді жұмыспен қамту саласына көмек көрсету жүйесін жетілдіру;

- «нөлдік қамтылған» жанұяларды жұмыспен қамту үшін ұзақ мерзімдік жұмыспен қамту механизмін қалыптастыру;
- Жұмысшылармен еңбек шартын заңды бекіту және орындау жөнінде барлық түрдегі кәсіпорындарға қойылатын талаптарды қатаңдату;
- Еңбек дауларын шешу және еңбек жағдайларын қамтамасыз етуді бақылау бойынша қызметті күшейту;
- Жұмыс күшін қолдануда барлық және кез келген құқықбұзушылықтарды қатаң кесу;

Халықты жұмыспен қамту саласындағы дағдарыс құбылыстары Қытайдың соңғы жылдарда ұшырап отырған әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің орасан кешенінің бір жағы ғана. Осы саланы кешенді қайта құру қажеттігі ішкі саяси тұрақтылық және елдің экономикалық даму мақсаттарын жүзеге асыру үшін болжауға келмейтін салдармен елде әлеуметтік дағдарыстың туындауының өте жоғары ықтималдылығымен шартталады. Халықты жұмыспен қамту саласындағы сұраныстарға жауап қайтарудың күрделілігі жұмыспен қамту саласындағы мәселелерді басқа салалардағы мәселелермен бір уақытта шешуге тура келетінімен байланысты, ал Ұл қатынаста мемлекеттік ресурстары өте шектеулі болып отыр. Әлеуметтік саладағы негізгі алға жылжулар мен «әлеуметтік әділдікті» әлі күнге дейін тек қана мемлекеттен күтетін, қытай қоғамында қалыптасқан «әлеуметтік менталитетті» ескерсек, дағдарыс тенденцияларының ушығуы жағдайында халық қаһары дәл осы билік өкілдеріне қарсы төнетінін толық сенімділікпен болжауға болады.

### 3 ҚОСЫМША. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕҢБЕК ҰЙЫМЫНЫҢ (ХЕҰ) БАЯНДАМАСЫНА ШОЛУ ОБЗОР ПО ДОКЛАДУ МЕЖДУНАРОДНОЙ

Баяндама 2010 ж. 12 тамызында жарияланған болатын.

Әлемдегі жастар арасындағы жұмыссыздық мәліметтерді жинаудың барлық кезеңі ішіндегі ең жоғары деңгейге жетті, және 2010 ж. күтіліп отырғандай, ол тағы да арта түседі. Бұл туралы 2010 ж. 12 тамызында жарияланған Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) баяндамасында айтылды, сол жыл БҰҰ-мен Халықаралық жастар жылы деп жарияланған болатын. «2010 ж. жастардың жұмыспен қамтылуының жаһандық тенденциялары» (ILO Global Employment Trends for Youth 2010) деп аталған ХЕҰ баяндамасында 2009 жылдың аяғында 15 жастан 24 жас аралығындағы шамамен 620 млн экономикалық белсенді жастардың ішінен – 81 млн адамның жұмысы жоқ, бұл бағалаулар жүргізудің барлық кезеңі ішіндегі жастар жұмыссыздығының ең жоғары көрсеткіші болып табылады. Бұл 2007 жыл ішіндегі дәл осындай әлемдік мәліметтерден 7,8 млн жоғары. 2007 жылдан 2009 жыл аралығында жастар жұмыссыздығы 11,9% -дан 13%-ға өскен. Баяндама авторлары үлкен тенденция «жастар үшін үлкен салдарға әкеледі, себебі болашақта еңбек нарығына шығатын жастардың жаңа тобы жұмыссыздар қатарына қосылатын болады» деп атап көрсетеді. Авторлар: «дағдарыс еңбек нарығына лақтырылған және жақсы өмір сүру үшін қаражат табу сенімін жоғалтқан жастар - «жоғалтылған ұрпақ» түрінде мирас қалдырды» деп ескертеді.

ХЕҰ болжамдары бойынша 2010 жылы ішінде әлемдік жастар жұмыссыздығы өсе түскен және 13,1% жеткен, одан кейін 2011 жылы оның шамалы ғана төмендеуі болады. Жастар жұмыссыздығының көрсеткіштері ересектер арасындағы жұмыссыздықтан гөрі дағдарысқа сезімтал әсер етеді, және бұл жағдайда ересек қызметкерлермен салыстырғанда жастар үшін еңбек нарығының қалпына келуі жайырақ жүреді деп атап көрсетілген баяндамада.

Дамыған және нарықтық экономикалық қалыптасып келе жатқан (emerging economies) елдерде дағдарыс жастарға негізінен жұмыссыздықтың өсуі, ұзақ мерзім бойы мәжбүрлі жұмыссыз қалу және үйзелумен байланысты әлеуметтік қиыншылықтар түрінде әсер етті.

Баяндама авторлары жастардың 90% өмір сүретін дамушы елдерде жас адамдар жұмыспен толық емес қамтылу және кедейлікке жиі ұшырасады деп көрсетеді. Баяндама мәліметтері бойынша табыс деңгейі барынша төмен елдерде дағдарыс жұмыс күні мен көптеген жалдамалы қызметкерлердің (wage and salaried employment) еңбекақысының қысқаруына, сонымен бірге жұмыс күшінің артықшылығы байқалып отырған, көлеңкелі экономикадағы қорғалмаған жұмыстың (vulnerable employment) өсуіне әкелді.

Баяндама авторларының бағалаулары бойынша 2008 жылы 152 млн жастар немесе әлемдегі барлық жас жұмысшылардың 28% жұмысы бар, бірақ адам басына шаққандағы табыс күніне 1,25 АҚШ долл. құрай отырып, олардың еңбекақысы олардың жанұяларына өте кедейшіліктен шығуға мүмкіндік бермеген.

«Дамушы елдерде дағдарыс аз қамтылған адамдардың күнделікті өміріне өз әсерін тигізді» - деп мәлімдейді ХЕҰ Бас директоры Хуан Сомавия. – Экономикалық және қаржылық дағдарыстың салдары жастар арасындағы лайықты жұмыстың қазіргі жетіспеушілігін одан әрі барынша ушықтыру мүмкін. Нәтижесінде жастар арасында «жұмыс жасайтын кедейлер» үлесі артады, ал бұл тенденция келесі ұрпақтың өмірінде де сақталатын болады».

Авторлар бүгінгі жұмыссыздық, жұмыспен толық емес қамтылу және жас қызметкерлердің күйзелісі болашақта жастардың жұмыспен қамту үшін қандай ұзақ мерзімдік салдарға әкелетінін түсіндіреді. Олар мәжбүрлі әрекетсіздік үлкен жоғалтуларға әкелуі мүмкін, онда «қоғам білімге жұмсаған өз инвестицияларын босқа жоғалтады, мемлекет әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесіне салған салымдарын қайтара алмайды және дағдарыстың теріс салдарын жеңу үшін қосымша қаражаттар жұмсауға мәжбүр болады» деп белгілеген.

«Жастар – экономикалық дамудың қозғаушы күші», - деп айқындайды Хуан Сомавия. – Осы ресурсты қолданбау экономикалық жоғалтуларға ұшыратады және әлеуметтік тұрақтылықты бұзуы мүмкін. Дағдарыс бізге еңбек нарығына шыққан жастардың ұшырасатын күрделі мәселелерін жеңу үшін біздің бағдарламаларымыз бен стратегияларымызды қайта қарастыру мүмкіндігін берді. Бұл жерде білім және кәсіби оқыту саласындағы шараларды үйлестіретін және жастарды жұмыспен қамту саласында мақсатты бағдарланған шараларды үйлестіретін кешенді стратегияға сүйену өте маңызды».

«Бүгін БҰҰ-мен жарияланған Халықаралық жастар жылы басталады. Осы жыл ішінде өзара түсіністікке қол жеткізу үшін диалогтар жүргізетін боламыз. Бұл бізге жастардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына және олардың лайықты жұмысқа деген сенімдеріне жауап бере алатын барынша әсерлі саяси шараларды жасақтауға көмектеседі», - қосты Сомавия.

#### Жастардың әлемдік еңбек нарығындағы негізгі тенденциялар:

2007 жылдан 2009 жыл аралығындағы кезеңде әлемдегі жұмыссыздық 7,8 млн. адамға (2007/08 жж. 1,1 млн және 2008/09 жж. 6,7 млн) өсті. Салыстыру үшін: қазіргі дағдарыстың алдындағы онжылдықта (1996/97 бастап 2006/07 жж. дейін) жұмыссыз жастардың саты орташа алғанда жылына 191 мың адамға өсіп отырған.

2007 жылдан 2009 жыл аралығындағы кезеңде әлемдегі жастар арасындағы жұмыссыздық үлесі 11,9% -дан 13%-ға өскен. 2008 жылдан 2009 жыл аралығында жұмыссыздық 1 пайызға артқан – бұл бағалаулар жүргізудің 20 жыл ішіндегі ең үлкен өсуі. Нәтижесінде дағдарыс алдындағы (2002 жылдан бастап) жастар арасындағы жұмыссыздықтың төмендеу тенденциясы жоғалтылды.

2008 жылдан 2009 жыл аралығында жұмыссыз жастардың саны ересек қызметкерлердің 14,6% салыстырғанда 9% өскен. Егер де, осы екі топтағы жұмыссыздар үлесін салыстырсақ, онда жастардың арасында

ол жоғары: 2008 жылдан 2009 жыл аралығында жұмыссыз жастардың үлесі 1 пайызға артқан, ал ересек қызметкерлердің арасында – 0,5 пайызға.

2008 жылы әлемдегі «жұмыс жасайтын кедейлердің» жалпы санының 24% жастар құраған, сол уақытта жұмыссыздардың жалпы санындағы оның үлесі 18,1% ғана болған.

Қыз балаларға жігіттерден гөрі жұмыс табу қиынырақ. 2009 жылы жігіттердің арасындағы 12,9% жұмыссыздықпен салыстырғанда, қыз балалардың арасындағы жұмыссыздығы 13,2% құраған.

Болжамдар бойынша, жастар еңбек нарығы ересек қызметкерлердің еңбек нарығынан гөрі ұзағырақ қалпына келетін болады. Күтіліп отырғандай, жас жұмыссыздардың үлесі тек 2011 жылы төмендей бастайды. ХЕҰ-ның сараптамашылар тұжырымдайды: 2010 жылы жастар арасындағы әлемдік жұмыссыздық өсуін жалғастырады және бұрын болмаған 81,2 млн (13,1%) цифріне жетеді. Келесі жылы күтіліп отырғандай, жастар жұмыссыздығы 78,5 млн (12,7%) дейін төмендейді. Ересектер арасындағы жұмыссыздық 2009 жылы, бағалаулар бойынша өзінің шарықтау шегіне жетіп, 4,9% құраған, ал 2010 және 2011 жылдары ол жылына 0,1 пайызға төмендейтін болады (сәйкесінше 4,8% және 4,7% дейін).

#### Аймақтық тенденциялар:

2008 жылдан 2009 жыл аралығындағы дамушы елдердегі және Еуропалық Одақ мемлекеттеріндегі жастар жұмыссыздығы 4,6%, ал Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінде – 3,5% өскен. Бұл қандай да бір әлем аймағында қандай да бір уақыттағы жастар жұмыссыздығының ең үлкен жылдық өсуі. Дамушы елдердегі және ЕО мемлекеттеріндегі жастар жұмыссыздығының деңгейі 2009 жылы 17,7% жетті – бұл аймақтық бағалаулар жүргізудің барлық кезеңдері ішінде (1991 ж. бастап) тіркелген, әлем аймақтары арасындағы ең жоғары көрсеткіш.

Көптеген аймақтарда жас әйелдер жұмыссыздықтан басқаларынан гөрі көбірек зардап шекті. Тек дамыған елдер мен ЕО мемлекеттері ұған жатпады, онда жас жігіттер арасындағы жұмыссыздық жоғары болды: 2007 жылдан 2009 жыл аралығындағы кезеңде қыздар арасындағы жұмыссыздықтың 3,9 пайызымен салыстырғанда жас жігіттер арасындағы жұмыссыздық 6,8 пайызға артты.

Кейбір елдерде, мысалы Испания мен Біріккен Корольдікте дағдарыс жылдары жастардың экономикалық белсенділігінің төмендеуі байқалды. Бұл жұмыссыздықтың өсуінің нәтижесінде жұмыс іздеуді тоқтатқан жастар арасында күйзелістің өсуіне әкеледі.

Дамушы елдерде дағдарыс қорғалмаған және көлеңкелі жұмысқа тартылған қызметкерлер санының артуына әкелді. Бұл Латын Америкасының мәліметтерімен расталады, онда 2008 жылдан 2009 жыл аралығындағы кезеңде өз бетімен жұмыс жасайтын қызметкерлердің саны 1,7% артқан, ал жанұялық кәсіпорындар қызметкерлерінің табысын құруға қатысушылардың саны 3,8% өскен. Аймақта дағдарыс кезеңде сонымен бірге көлеңкелі жұмысқа тартылған жасөспірімдер санының өсуі де байқалған.

Әлемнің барлық аймақтарында сараптамашылар жұмыссыздықтың шарықтау кезеңімен (көптеген елдер үшін бұл 2010 жыл болды) салыстырғанда жағдайдың біршама жақсарғанын болжайды. Бірақ, Жақын Шығыс және Солтүстік Африка елдері бұған қосылмайды, онда күтіліп отырғандай, 2011 жылы жастардың жұмыссыздығы тек өсіп отыратын болады. Жастар жұмыссыздығының ең мәнді төмендеуі (1 пайызға) Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа (ЕО мүшелері емес) елдерінде және ТМД елдерінде күтіледі. Дамыған елдерде және Еуропалық Одақ мемлекеттерінде 2011 жылы жастар жұмыссыздығының алдыңғы жылмен салыстырғанда 0,9 пайызға төмендеуі болжанып отыр. Дегенменде, сараптамашылармен аталған жастар жұмыссыздығының 18,3% пайыздық цифры дағдарыс алдындағы бүкіл кезең ішіндегі (1991-2007 гг.) дәл осындай көрсеткіштен жоғары болып отыр.